ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

ЗАКОН РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу, энергетика және атом саласын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне:

1) 82-баптың 3-тармағы 12) тармақшасындағы «реттеуге қолданылмайды.» деген сөздер «реттеуге;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

«13) атом энергиясын пайдалану саласындағы, оның ішінде ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты мәселелерді реттеуге қолданылмайды.»;

2) 129-бапта:

2-тармақ «8-1,» деген цифрлардан кейін «8-2,» деген цифрлармен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 8-2-тармақпен толықтырылсын:

«8-2. Осы Кодекстің 131-бабының 1, 2 және 3-тармақтарын, 131-1, 153 және 157-баптарын қоспағанда, осы тараудың күші атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауға қолданылмайды.»;

17-тармақтың бірінші бөлігі және 19-тармақтың бірінші бөлігі «8-1,» деген цифрлардан кейін «8-2,» деген цифрлармен толықтырылсын;

3) 138-бапта:

6) тармақша алып тасталсын;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9) атом энергиясын пайдалану саласында;»;

4) 193-баптың 14-тармағындағы «Семей ядролық қауіпсіздік аймағының жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті ұйымның» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығының» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 2021 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экология кодексіне:

1) 369-бап алып тасталсын;

2) 370-бапта:

2-тармақ «пайдалану туралы» деген сөздерден кейін «, радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы» деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ «энергиясын пайдалану» деген сөздерден кейін «, радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу» деген сөздермен толықтырылсын;

3) 371, 372, 373, 374 және 375-баптар алып тасталсын.

3. 2025 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне:

1-баптың 3-тармағы «органды қаржыландыру» деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар шеңберінде іске асырылатын атом энергиясын пайдалану саласындағы жобаларды қаржыландыру» деген сөздермен толықтырылсын.

4. «Электр энергетикасы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

2-3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2-3) бірыңғай сатып алушы – осы Заңда көзделген тәртіппен электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті, электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті орталықтандырылған сатып алуды және электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша орталықтандырылған қызмет көрсетуді жүзеге асыратын, уәкілетті орган айқындайтын заңды тұлға;»;

мынадай мазмұндағы 18-3), 29-2), 29-3), 29-4) және 29-5) тармақшалармен толықтырылсын:

«18-3) оқшау әкімшілік-аумақтық бірлік – Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесіне техникалық тұрғыдан байланыстырылмаған (қосылмаған), энергиямен жабдықталуын осы аумақтағы энергия өндіруші ұйымдар жүзеге асыратын және (немесе) шектес мемлекеттердің энергия жүйелерімен жасалған электр энергиясын сатып алу-сату шарттары шеңберінде жүзеге асырылатын әкімшілік-аумақтық бірлік;»;

«29-2) электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызмет – өңірлік электр желілік компания, жүйелік оператор,

сондай-ақ электр желілерін салуға арналған аукциондық сауда-саттық жеңімпазы бірыңғай сатып алушыға электр желілері қуатының электр энергиясын қабылдауға және беруге қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсететін қызмет;

29-3) электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тариф – электр желілерін салуға арналған инвестициялық келісімде көзделген, тиісті қарыздар бойынша күрделі шығындар мен сыйақылар сомасын қайтаруды, инвестицияланған капиталға рентабельділік нормасын қамтитын, жыл сайын инфляция деңгейіне индекстелуге жататын, мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның деректері бойынша айқындалатын тариф;

29-4) электр желілерін салуға арналған аукциондық сауда-саттық – кернеуі 220 кВ және одан жоғары электр желілерін салу жөніндегі жобаларды іске асыру үшін жеңімпазды іріктеуге бағытталған, электр желілерін салуға арналған аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушы электрондық жүйеде ұйымдастыратын және жүргізетін, оның шеңберінде көрсетілетін қызметке жеке тариф, электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша қызметті сатып алу көлемі мен мерзімі айқындалатын процесс;

29-5) электр желілерін салуға арналған аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушы – акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке және онымен үлестес тұлғаларға тиесілі, уәкілетті орган айқындайтын заңды тұлға;»;

31) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«31) электр қуатын реттеу бойынша көрсетілетін қызмет – электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің нақты электр жүктемесінің мәлімделген электр жүктемесінен ауытқуларына өтем жасау бойынша жүйелік операторға көрсетілетін қызмет;

31-6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«31-6) электр қуатының нарығы – энергия өндіруші ұйымдардың генерациялайтын жабдықты электр энергиясын өндіруге әзірлік жағдайында ұстап тұруына, энергия беруші ұйымдардың электр желілерін электр энергиясын қабылдауға және беруге қолжетімді жай-күйде ұстап тұруына, бұрыннан бар өндірістік активтерді жаңартуға, ұстап тұруға, реконструкциялауға және техникалық қайта жарақтандыруға, сондай-ақ оларды құруға байланысты электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілері арасындағы өзара қатынастар жүйесі;»;

45) тармақша алып тасталсын;

2) 4-баптың 1-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-1) бірыңғай сатып алушының тек қана электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету кезінде шеккен шығыстарына өтем жасау үшін оның осындай көрсетілетін қызметтен түскен кірістерінің жетіспеуі салдарынан, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарт шеңберінде энергия

өндіруші ұйымдар алдындағы, электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттар шеңберінде энергия беруші ұйымдар алдындағы өзінің міндеттемелерін орындауы мүмкін болмаған жағдайда, оған мемлекеттік қаржылық қолдауды жүзеге асырады;

3) 5-бап мынадай мазмұндағы 70-56) тармақшамен толықтырылсын:

«70-56) өңірлік электр желілік компаниялармен, жүйелік оператормен, сондай-ақ электр желілерін салуға арналған аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарымен электр желілерін салуға инвестициялық келісімдер жасасады;»;

4) 10-баптың 1-тармағында:

мынадай мазмұндағы 2-2) тармақшамен толықтырылсын:

«2-2) электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша қызмет көрсетеді;»;

22-2) және 22-3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«22-2) уәкілетті орган айқындаған тәртіппен Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесіндегі электр энергиясының тапшылығы мен профицитін растайды;

22-3) уәкілетті орган айқындаған тәртіппен цифрлық майнерлердің қызметі үшін қолжетімді электр энергиясының квотасын айқындайды;»;

5) 10-3-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1) және 3-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«2-1) электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттар жасасады;

3-1) электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартқа сәйкес электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алады;»;

6) 13-бапта:

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

«Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар оқшау әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағындағы тұтынушыларды энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын энергия өндіруші ұйымдардан, оның ішінде осы оқшау әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағындағы, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын ұйымдардан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында электр энергиясын тікелей шетелдік өндірушінің атынан өткізетін электр энергиясын берушілерден сатып алады.»;

«Оқшау әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында энергиямен жабдықтауды жүзеге асыратын энергиямен жабдықтаушы ұйымдар шектес мемлекеттің уәкілетті ұйымының электр энергиясын жеткізу (экспорттау) мәселелерін реттеуін дербес жүзеге асырады.»;

3-1-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«3-1. Оқшау әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында орналасқандарын қоспағанда, энергия өндіруші ұйымдар желіге жіберілетін электр энергиясының бүкіл көлемін осы Заңға сәйкес, электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға және (немесе) өздерімен бір тұлғалар тобына кіретін тұтынушыларға не өздерімен бір гибридті топқа кіретін гибридті топ әкімшісіне сатуды жүзеге асыруға міндетті.»;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Оқшау әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында орналасқан, оның ішінде жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар аумағында оқшау әкімшілік-аумақтық бірлік орналасқан әкімшілік-аумақтық бірлік (облыс) шегінде қызметін жүзеге асыратын энергиямен жабдықтаушы ұйымның электр энергиясын өткізуге (сатуға) құқылы.»;

3-2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

«Оқшау әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында орналасқан, оның ішінде жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар аумағында оқшау әкімшілік-аумақтық бірлік орналасқан әкімшілік-аумақтық бірлік (облыс) шегінде қызметін жүзеге асыратын энергиямен жабдықтаушы ұйымның электр энергиясын өткізуге (сатуға) құқылы.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Электр энергиясының көтерме саудасы нарығының субъектілері, оның ішінде меншік нысанына қарамастан барлық энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, оқшау әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында қызметін жүзеге асыру бөлігінде электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілерін қоспағанда, электр энергиясының теңгерімдеуші нарығына қатысуға міндетті.»;

6-1-тармақ алып тасталсын;

11-тармақ 2) тармақшасындағы «қамтамасыз ету жағдайларына қолданылмайды.» деген сөздер «қамтамасыз ету;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) және 4) тармақшалармен толықтырылсын:

«3) оқшау әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында орналасқан энергия өндіруші ұйымдардың шектес мемлекеттердің энергия жүйелерімен жасалған электр энергиясын сатып алу-сату шарттары шеңберінде электр энергиясын сатуы;

4) оқшау әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағындағы тұтынушыларға электр энергиясын беру мақсатында электр энергиясын Қазақстан Республикасынан тыс жерлерден сатып алу жағдайларына қолданылмайды.»;

7) 15-бапта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеуі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.»;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Электр энергиясы мен қуатының көтерме сауда нарығының жұмыс істеуі, оның ішінде электр энергиясының жоспарлы көлемдерін сатып алу-сату шарттары мен тәртібі, сағаттық теңгерімсіздіктерді реттеу, электр қуаты нарығында қызметтер көрсету бөлігінде осы Заңның ережелері оқшау әкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы нарық субъектілерінің өзара қатынастарына қолданылмайды.»;

8) 15-3-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Электр қуатының нарығы электр қуатына деген сұранысты жабу үшін Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесіндегі бұрыннан бар электр қуаттарын ұстап тұру, жаңаларын іске қосу және жаңа электр желілерін салу үшін инвестициялар тарту мақсатында жұмыс істейді.»;

3-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3-2. Бірыңғай сатып алушы осы баптың 3-1-тармағына сәйкес жасалатын шарттар бойынша электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке және осы баптың 3-7-тармағына сәйкес жасалатын шарттар бойынша электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке ай сайын, бірақ осы көрсетілетін қызметті беру айы аяқталғаннан кейін қырық бес жұмыс күнінен кешіктірмей ақы төлейді.»;

мынадай мазмұндағы 3-7 және 4-2-тармақтармен толықтырылсын:

«3-7. Бірыңғай сатып алушы электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттарды:

өңірлік электр желілік компаниялармен;

жүйелік оператормен;

электр желілерін салуға арналған аукциондық сауда-саттықтың жеңімпазымен жасасады.

Электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тариф, электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу көлемі мен мерзімдері электр желілерін салуға арналған инвестициялық келісімде, оның ішінде электр желілерін салуға арналған аукциондық сауда-саттық нәтижелері бойынша белгіленеді.»;

«4-2. Өңірлік электр желілік компаниялар, жүйелік оператор, сондай-ақ электр желілерін салуға арналған аукциондық сауда-саттықтың жеңімпаздары бірыңғай сатып алушыға электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті электр желілерін салу мен пайдаланудың техникалық параметрлерінен аспайтын көлемде өткізуді олар кешенді сынаудан өткізілгеннен кейін ғана жүзеге асырады.

Электр желілерін кешенді сынаудан өткізу сәтсіз болған жағдайда, бірыңғай сатып алушымен жасалған электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы

шартта көрсетілген, электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен кешенді сынаудан сәтті өткенге дейін төмендетіледі.»;

8-тармақта:

үшінші бөлік мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) бірыңғай сатып алушы жасасқан барлық шарттардың электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жұмсалатын шығындарының;»;

төртінші бөліктің төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«есептік корпоративтік табыс салығы шегеріле отырып, бірыңғай сатып алушының электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызмет бағасын есептеу және оны интернет-ресурста орналастыру қағидаларына сәйкес есептелген, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті, электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті бірыңғай сатып алушының сатып алуы жөніндегі қызметінің және электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетудің жалпы нәтижесі негізге алынып қалыптастырылады.»;

9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарт, электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарт және электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуге арналған шарт уәкілетті орган әзірлейтін және бекітетін үлгілік шарттар негізінде жасалады.

10. Бірыңғай сатып алушының электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті, электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алуына байланысты құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы қолданылмайды.

9) мынадай мазмұндағы 15-12-баппен толықтырылсын:

«15-12-бап. Электр қуаты нарығының тетігі шеңберінде электр желілерін салу

1. Электр қуаты нарығының тетігі шеңберінде электр желілерін салу:

1) өңірлік деңгейдегі электр желілерін күшейту және дамыту мақсатында өңірлік электр желілік компанияның бастамасы бойынша;

2) ұлттық электр желісін күшейту және дамыту мақсатында жүйелік оператордың бастамасы бойынша;

3) өңірлік деңгейдегі электр желілерін және (немесе) ұлттық электр желісін күшейту және дамыту мақсатында инвестордың бастамасы бойынша іске асырылуы мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес электр желілерін салу кезінде:

1) өңірлік электр желілік компания, жүйелік оператор электр желілерін салуға арналған инвестициялық бағдарламаларды нарық кеңесіне қорытындыға жібереді;

2) инвестициялық бағдарламамен бірге нарық кеңесіне мыналар да енгізіледі:

электр желілерін салу жөніндегі тиісті іс-шара туралы ақпарат;

электр желілерін салу жөніндегі іс-шараның техникалық-экономикалық негіздемесі;

электр желілерін салу жөніндегі іс-шараның техникалық-экономикалық негіздемесіне ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысы;

3) электр желілерін салуға арналған инвестициялық бағдарламалар нарық кеңесінің қарауы кезеңінде өзгертуге жатпайды;

4) электр желілерін салу жөніндегі инвестициялық бағдарламаларды нарық кеңесі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен осы тармаққа сәйкес қарайды;

5) нарық кеңесінің қорытындысын алғаннан кейін уәкілетті орган электр желілерін салуға арналған инвестициялық келісім жасасу немесе жасасудан бас тарту туралы шешім қабылдайды;

6) электр желілерін салуға арналған инвестициялық келісімде мынадай ақпарат болуға тиіс:

электр желілері қуатының қолжетімділігін қолдау жөніндегі қызмет көлемі;

электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу мерзімін (айлармен) және электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызмет көлемін ескере отырып, тиісті инвестициялық қарыздар бойынша төленетін сыйақыларды қоса алғанда, электр желілерін салу жөніндегі инвестициялық бағдарлама шеңберінде инвестициялардың қайтарылуын ескере отырып, жылдар бойынша ауыспалы шама ретінде электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке тариф;

7) электр желілерін салуға арналған инвестициялық келісім жасалғаннан кейін бірыңғай сатып алушы осы ұйыммен инвестициялық келісімде көрсетілген тариф бойынша, көлемде және мерзімдерде электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарт жасасады;

8) осы тармақтың бірінші бөлігінің 7) тармақшасында көрсетілген шарттар бойынша электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу шарт жасалған жылдан кейінгі жылдың екінші тоқсанынан бастап жүзеге асырылады.

Бұл ретте инвестициялық келісімде көрсетілген электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке

тариф, сондай-ақ осы көрсетілетін қызметті сатып алу көлемі мен мерзімі ұлғайту жағына түзетуге жатпайды.

Электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттар бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда уәкілетті орган айқындаған тәртіппен электр қуаты нарығында төмендету коэффициенттері қолданылады.

3. Осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес электр желілерін салу кезінде:

1) инвестордың электр желілерін салуға арналған аукциондық сауда-саттыққа бастамашылық жасауға өтінім жіберу тәртібін және оны қарау тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

Инвестордың өтінімінде жобаның қаржылық-экономикалық моделін, құнын, инвестицияларды қайтару сомасын, жобаны іске асыру мерзімін, электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тарифтің шекті мөлшерін, электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызмет көлемін қамтитын жобаның алдын ала техникалық-экономикалық негіздемесінің қамтылуы міндетті;

2) электр желілерін салу жөніндегі жобаны іске асыру қажеттілігі туралы қорытындыны уәкілетті орган Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмалары және (немесе) актілері негізінде, сондай-ақ электр желілерін салу жөніндегі жобаның басымдығы мен өзектілігін ескере отырып қабылдайды;

3) электр желілерін салуға арналған аукциондық сауда-саттықты электр желілерін салу жөніндегі жобаларды іске асыру үшін жеңімпазды іріктеу және электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке олардың жеке тарифтерін айқындау мақсатында аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушы ұйымдастырады және өткізеді.

Электр желілерін салуға арналған аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

Электр желілерін салуға арналған аукциондық сауда-саттық жеңімпазы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен уәкілетті органмен электр желілерін салуға арналған инвестициялық келісім жасасады.

Бұл ретте жобада көрсетілген электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тариф, сондай-ақ инвестициялық келісімде аталған осы көрсетілетін қызметті сатып алу көлемі мен мерзімі ұлғайту жағына түзетуге жатпайды.

Электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттар бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда уәкілетті орган айқындаған тәртіппен электр қуаты нарығында төмендету коэффициенттері қолданылады;

4) электр желілерін салуға арналған аукциондық сауда-саттық жеңімпазы электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттың бүкіл мерзімі ішінде электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұруды жүзеге асырады;

5) жобаны іске асыру үшін тартылған тиісті қарыздар бойынша күрделі шығындар мен сыйақылар сомасын өтеу, электр желілерін салуға арналған аукциондық сауда-саттық жеңімпазының инвестицияланған капиталына рентабельділік нормалары бірыңғай сатып алушыға электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша қызмет көрсету арқылы қамтамасыз етіледі;

6) электр желілерін салуға арналған аукциондық сауда-саттық жеңімпазы пайдалануға бергеннен кейін электр желілері уәкілетті орган айқындаған тәртіппен:

көрсетілген электр желілері ұлттық электр желісіне қосылған жағдайда жүйелік операторға;

ұлттық электр желісіне қосылу болмаған жағдайда, тиісті өңірлік электр желілік компанияларға сенімгерлік басқаруға берілуге тиіс;

7) электр желілерін сенімгерлік басқаруға беру мақсатында электр желілерін салуға арналған аукциондық сауда-саттық жеңімпазы электр желілерін олардың техникалық жай-күйі тұрғысынан зерттеп-қарауды жүргізетін жүйелік оператордың және (немесе) тиісті өңірлік электр желілік компанияның оң қорытындысын алуға міндетті.

Электр желілерінің қанағаттанарлықсыз жай-күйі анықталған және жүйелік оператордың және (немесе) тиісті өңірлік электр желілік компанияның тиісті теріс қорытындысын алған жағдайда, электр желілерін салуға арналған аукциондық сауда-саттық жеңімпазы анықталған ескертулерді жоюға және жүйелік оператордың және (немесе) тиісті өңірлік электр желілік компанияның қорытындысында көзделген, электр желілерін тиісті жай-күйге келтіру жөніндегі іс-шараларды орындауға міндетті.

Жүйелік оператордың және (немесе) тиісті өңірлік электр желілік компанияның электр желілерінің техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізуі, электр желілерін салуға арналған аукциондық сауда-саттық жеңімпазының электр желілерін тиісті жай-күйге келтіру жөніндегі іс-шараларды орындауы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады;

8) электр желілерін салуға арналған аукциондық сауда-саттық жеңімпазы:

уәкілетті органмен жасалған инвестициялық келісімде көзделген талаптарға сәйкес электр желілерін тиісті техникалық және экономикалық жай-күйде сенімгерлік басқаруға беруді қамтамасыз етуге;

уәкілетті органға, бақылау органына, жүйелік операторға және (немесе) тиісті өңірлік электр желілік компанияға және бірыңғай сатып алушыға электр

желілеріне, сондай-ақ жоба шеңберінде қызметті жүзеге асыруға қатысты құжаттамаға кедергісіз қолжетімділік беруге;

Қазақстан Республикасының заңдарына, электр желілерін салуға арналған инвестициялық келісімге және электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартқа сәйкес белгіленген өзге де талаптар мен шарттарды сақтауға міндетті;

9) уәкілетті орган, бақылау органы жүйелік оператормен, өңірлік электр желілік компаниямен және (немесе) бірыңғай сатып алушымен бірлесіп:

электр желілерін салуға арналған аукциондық сауда-саттық жеңімпазының қаржы-шаруашылық қызметін, оның ішінде аудиторлық ұйымды тарту арқылы тексеруді жүзеге асыруға;

электр желілерінің техникалық жай-күйін, оның ішінде электр желілерін кешенді сынау шеңберінде тексеруді жүзеге асыруға;

электр желілеріне, сондай-ақ жоба шеңберінде қызметті жүзеге асыруға қатысты құжаттамаға кедергісіз қол жеткізуге;

Қазақстан Республикасы заңнамасы және электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарт талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру шеңберінде жол берілген бұзушылықтарды жоюды талап етуге;

Қазақстан Республикасының заңдарына, электр желілерін салуға арналған инвестициялық келісімге және электр желілері қуатының қолжетімділігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартқа сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.»;

10) 17-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Көтерме сауда нарығы субъектісі электр энергиясы және (немесе) көрсетілетін қызметтер үшін тиісті шарттарда белгіленген мерзімдерде және уәкілетті орган айқындаған кезең үшін ақы төлемеген, толық төлемеген кезде, жүйелік оператордан, бірыңғай сатып алушыдан, электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан, теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығынан хат келіп түскен кезде электр энергиясын беру (жеткізу) ішінара немесе толық тоқтатылады (шектеледі). Өтініш беру тәртібі мен шарттары, техникалық шектеулерді енгізу мерзімдері уәкілетті орган белгілеген тәртіппен айқындалады.»;

11) 19-1-баптың 5-тармағының бірінші бөлігінде:

1) тармақшада:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1) оқшау әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында орналасқандарын қоспағанда, барлық энергия өндіруші ұйымдар электр энергиясын электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға және өздерімен бір тұлғалар тобына кіретін тұтынушыларға не өздерімен бір гибридті топқа кіретін гибридті топ әкімшісіне ғана сатуды жүзеге асыруға және олармен тиісті электр энергиясын сатып алу-сату шарттарын жасасуға міндетті.»;

мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

«энергия өндіруші ұйымдар, оның ішінде оқшауланған әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында орналасқан, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын ұйымдар аумағында оқшау әкімшілік-аумақтық бірлік орналасқан әкімшілік-аумақтық бірлік (облыс) шегінде қызметін жүзеге асыратын энергиямен жабдықтаушы ұйымның электр энергиясын өткізуге (сатуға) құқылы;»;

3) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) оқшау әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында қызметін жүзеге асыру бөлігінде электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерін қоспағанда, электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері электр энергиясын электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан және (немесе) тізілімде өздерімен бір тұлғалар тобына кіретін энергия өндіруші ұйымдардан және (немесе) өздерімен бір гибридті топқа кіретін гибридті топ әкімшісінен және (немесе) жаңартылатын көздерден ғана сатып алуды жүзеге асыруға және олармен тиісті электр энергиясын сатып алу-сату шарттарын жасасуға міндетті.».

5. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 30-бапта:

2-тармақтағы «Атом энергиясын пайдалану саласындағы, қаржы» деген сөздер «Қаржы» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Атом энергиясын пайдалану саласындағы лицензия және (немесе) лицензияға қосымша не оларды беруден уәжді бас тарту, атом энергиясын пайдалану объектісінің қауіпсіздік негіздемесі сараптамасының нәтижесі алынғаннан кейін лицензия берілетін, атом энергиясын пайдалану объектілерінің өмірлік циклінің кезеңдерімен байланысты жұмыстарды орындауға арналған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны не оларды беруден уәжді бас тартуды қоспағанда, отыз жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.»;

2) 1-қосымшаның 17 және 18-жолдары мынадай редакцияда жазылсын:

«

17.	Атом энергиясы пайдаланылатын объектілердің өмірлік циклінің кезеңдерімен байланысты жұмыстарды орындауға	1. Ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтардың сақтау қоймаларын орналастыру.	Иеліктен шығарылмайтын; лицензияның қолданылу мерзімі 10 жыл; лицензия беру кезінде осы Заңның 25-бабы 3-тармағы бірінші
		2. Ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтардың сақтау қоймаларын салу.	
		3. Ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтардың сақтау қоймаларын пайдалану.	

	арналған лицензия	4. Ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтардың сақтау қоймаларын пайдаланудан шығару.	бөлігінің, 26-бабы 1 және 2-тармақтарының күші қолданылмайды; 1-сынып
		5. Ядролық қондырғыларды және көму пункттерін орналастыру, салу, пайдаланудан шығару кезінде жұмыстарды және жобаларды басқару.	

18.	Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке лицензия	1. Радиоактивті қалдықтарды жинау және сұрыптау	Иеліктен шығарылмайтын; лицензияның қолданылу мерзімі 5 жыл; лицензия беру кезінде осы Заңның 25-бабы 3-тармағы бірінші бөлігінің, 26-бабы 1 және 2-тармақтарының күші қолданылмайды; 1-сынып
		2. Үй-жайларды, жабдық пен материалдарды қатерсіздендіру (радиоактивті ластанудан тазарту)	
		3. Радиоактивті қалдықтарды өңдеу	
		4. Радиоактивті қалдықтарды кондиционерлеу	
		5. Радиоактивті қалдықтарды сақтау	
		6. Радиоактивті қалдықтарды көму	
		7. Аумақтар мен объектілерді радиациялық оңалту, өңдеп қалпына келтіру	

».

6. «Атом энергиясын пайдалану туралы» 2016 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

1) тармақша «электрофизикалық қондырғылардың» деген сөздерден кейін «, радиоактивті қалдықтардың» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-2) тармақшамен толықтырылсын:

«1-2) атом электр станциясы (бұдан әрі – АЭС) – ядролық және энергетикалық қондырғыларды пайдалана отырып, тапсырыс берілген режимдерде және қолдану жағдайларында электр және (немесе) жылу энергиясын өндіруге арналған негізгі және көмекші жабдықтар кешені;»;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) атом энергиясы пайдаланылатын объектілер – иондандырушы сәулелену көздері, радиоактивті қалдықтар және пайдаланылып болған ядролық отын, ядролық, радиациялық, электрофизикалық қондырғылар,

радиоактивті қалдықтармен жұмыс істейтін объектілер, сақтау және көму пункттері, көліктік қаптама комплектілері және ядролық материалдар;»;

мынадай мазмұндағы 6-1) және 6-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«6-1) атом энергиясын пайдалану саласындағы ғылыми-техникалық қолдау ұйымы – атом энергиясын пайдалану объектілерінің өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде олардың қауіпсіздігіне тәуелсіз сараптама мен бағалау жүргізуді қоса алғанда, атом энергиясын пайдалану саласындағы ғылыми-техникалық қолдау жөніндегі қызметті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыратын ұйым;

6-2) атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау органы (бұдан әрі – бақылау мен қадағалау органы) – өз құзыреті шеңберінде атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның ведомствосы;»;

8) тармақшадағы «атқарушы» деген сөз «мемлекеттік» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 8-1) және 11-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«8-1) АЭС ұлттық операторы – уәкілетті орган айқындайтын, Қазақстан Республикасында АЭС жобалауды, салуды, пайдалануды және пайдаланудан шығаруды жүзеге асыратын, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлға;»;

«11-1) көліктік қаптама комплекті – тасу кезінде радиоактивті құрамды толық орналастыру мен ұстап тұру үшін қажетті элементтердің жиынтығы;»;

25) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«25) радиоактивті қалдықтар – құрамында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген алып қою деңгейінен жоғары радионуклидтер бар, жер қойнауынан алынған және үйінділер мен қалдық қоймаларына жинап қойылатын, одан әрі пайдаланылуы көзделмейтін материалдар мен заттар, бұйымдар мен жабдықтар, сондай-ақ тау жыныстары, кендер мен қалдықтар;»;

мынадай мазмұндағы 28-1) тармақшамен толықтырылсын:

«28-1) тұрақты мемлекеттік бақылау мен қадағалау режимі – бақылау мен қадағалау органының уәкілетті лауазымды адамдарының атом энергиясын пайдалану объектісінің өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде тікелей радиациялық қауіптілігі 1 санаттағы қондырғыларда тұрақты болу және қауіпсіздік жай-күйін бақылау жөніндегі іс-шараларды өткізу арқылы бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруын көздейтін режим;»;

29) тармақша алып тасталсын;

34-1) және 34-2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«34-1) ядролық мұра объектілері – ядролық жарылыстарды бейбіт мақсатта жүргізуді қоса алғанда, атом энергиясын пайдалану саласындағы қызмет, сондай-ақ 1992 жылғы 1 қаңтарға дейін осындай объектілерде жүзеге асырылған және тоқтатылған және радиациялық қауіпсіздік пен оңалтуды

қамтамасыз етуді талап ететін уран өндіру және оны қайта өңдеу жөніндегі қызмет нәтижесінде пайда болған радиоактивті қалдықтар және (немесе) радиоактивті ластанған материалдар бар тарихи қалыптасқан объектілер, құрылыстар, аумақтар учаскелері;

34-2) ядролық нұқсан – ядролық қондырғымен немесе ядролық қондырғыдан келіп түсетін, онда шығарылған немесе ядролық қондырғыға бағытталған ядролық материалмен жұмыс істеу нәтижесінде иондандырушы сәулеленудің әсері салдарынан келтірілген, адамның өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға зиянды, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың залалдарын, сондай-ақ алдын алу шараларына арналған шығындарды қоса алғандағы нұқсан;»;

мынадай мазмұндағы 34-3) тармақшамен толықтырылсын:

«34-3) ядролық оқыс оқиға – ядролық нұқсан келтіретін немесе ядролық нұқсан келтіру қаупін туғызатын оқиға не оқиғалар сериясы;»;

2) 4-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«4-бап. Атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеудің мақсаты, міндеттері мен қағидаттары»;

1-тармақ мынадай мазмұндағы бірінші бөлікпен толықтырылсын:

«Атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеудің мақсаты – атом энергиясын пайдалану кезінде ядролық, радиациялық, ядролық физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ атом энергиясын пайдаланудың негізгі халықаралық қағидаттарын сақтау.»;

3) 5-бап мынадай мазмұндағы 8-3) тармақшамен толықтырылсын:

«8-3) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар шеңберінде іске асырылатын АЭС жобаларын қаржыландыру үшін АЭС ұлттық операторына бюджеттік кредит желісі нысанында бюджеттік кредит берудің ерекше тәртібі мен арнаулы талаптарын айқындайды.»;

4) 6, 7, 7-2 және 7-3-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«6-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

1) стратегиялық, реттеушілік, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырады;

2) мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған негізгі бағыттары және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген негізгі бағыттары негізінде және оларды орындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады;

3) АЭС ұлттық операторын айқындайды;

4) атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

5) атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

6) атом энергиясын пайдалану саласында тергеп-тексеруді жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

7) атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті лицензиялауды жүзеге асырады;

8) осы Заңның мақсаты мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес атом энергиясын пайдалану саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, техникалық регламенттерді және нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлейді және бекітеді;

9) ядролық материалдарды және ядролық қондырғыларды физикалық қорғау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

10) иондандырушы сәулелену көздерін және сақтау пункттерін физикалық қорғау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

11) ядролық және радиациялық қондырғыларды пайдаланудан шығару қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

12) Қазақстан Республикасының аумағында Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік инспекцияларын ұйымдастыру тәртібін әзірлейді;

13) ядролық қауіпсіздік және (немесе) радиациялық қауіпсіздік және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

14) ядролық материалдарды мемлекеттік есепке алу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

15) иондандырушы сәулелену көздерін мемлекеттік есепке алу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

16) радионуклидті көздермен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

17) ядролық және радиациялық аварияларға ден қоюдың ұлттық жоспарын әзірлейді;

18) ядролық материалдарды, радиоактивті заттар мен радиоактивті қалдықтарды тасымалдау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

19) ядролық қондырғыларды және көму пункттерін орналастыру алаңын таңдау қағидаларын әзірлейді;

20) ядролық қауіпсіздік және (немесе) радиациялық қауіпсіздік және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

21) атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналдың біліктілігін арттыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

22) атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

23) халықтың және (немесе) қоршаған ортаның қауіпсіздігіне қатер төнген жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметіне ядролық қондырғыларды

пайдаланудан мерзімінен бұрын шығару немесе пайдаланылып болған ядролық отынды көму пункттерін жабу туралы ұсыну енгізеді;

24) ядролық материалдарды, иондандырушы сәулелену көздерін мемлекеттік есепке қою немесе мемлекеттік есептен шығару туралы шешім қабылдайды;

25) ядролық материалдардың мемлекеттік есебін жүргізеді;

26) иондандырушы сәулелену көздерінің мемлекеттік есебін жүргізеді;

27) атом энергиясын пайдалану саласындағы өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылауды жүзеге асырады;

28) атом энергиясын пайдалану саласындағы ғылыми-техникалық қолдау ұйымдарын айқындау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

29) көліктік қаптама комплектілерінің конструкцияларын бекітеді, сондай-ақ басқа елдердің уәкілетті органдары бекіткен сертификаттар-рұқсаттар күшін Қазақстан Республикасының аумағында оларға қолданады;

30) ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік, ядролық қаруды таратпау режимін қамтамасыз ету және ядролық сынақтарды мониторингтеу жөніндегі зерттеулерді ұйымдастырады;

31) атом энергиясын пайдалану саласында мемлекеттік реттеуге жататын ядролық материалдар, радиоактивті заттар мен электрофизикалық қондырғылар, радиоактивті қадықтар үшін алып қою деңгейлерін белгілейді;

32) атом энергиясын пайдалану саласында тұрақты мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүргізу қағидаларын бекітеді;

33) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

7-бап. Атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау

1. Атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды (бұдан әрі – мемлекеттік бақылау мен қадағалау) бақылау мен қадағалау органы осы Заңға сәйкес тексеру, қашықтан бақылау, тұрақты мемлекеттік бақылау мен қадағалау, тергеп-тексеру және «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша берілгенге дейін өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігі тұрғысынан рұқсаттық бақылау (бұдан әрі – рұқсаттық бақылау) нысанында жүзеге асырады.

2. Атом энергиясын пайдалану саласындағы және (немесе) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері, мемлекеттік органдар мемлекеттік бақылау мен қадағалау субъектілері (бұдан әрі – бақылау мен қадағалау субъектісі) болып саналады.

Мемлекеттік бақылау мен қадағалау субъектісінің меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі, мемлекеттік бақылау мен

қадағалауға жататын мүлкі мемлекеттік бақылау мен қадағалау объектісі (бұдан әрі – бақылау мен қадағалау объектісі) болып саналады.

3. Мемлекеттік бақылау мен қадағалауды Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы және (немесе) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын бақылау мен қадағалау органы жүзеге асырады.»;

«7-2-бап. Атом энергиясын пайдалану саласындағы тексерулер

1. Бақылау мен қадағалау субъектісін (объектісін) тексеру (бұдан әрі – тексеру) – осы Заңның 7-бабының 3-тармағына сәйкес бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты талаптардың сақталуы тұрғысынан жүргізілетін бақылау мен қадағалау органының қызметі.

Тексеру бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы жүзеге асырылады, оның нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда бақылау мен қадағалау субъектісі (объектісі) тексеру нәтижелері туралы акт және анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама жасайды.

2. Тексерулер жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер болып бөлінеді.

3. Жоспарлы тексерулер радиациялық қауіптілігі 1, 2 және 3 санаттардағы қондырғылармен қызметті жүзеге асыратын бақылау мен қадағалау субъектілеріне қатысты жүргізіледі.

Жоспардан тыс тексерулер радиациялық қауіптілігі 1, 2, 3 және 4 санаттардағы қондырғылармен қызметті жүзеге асыратын бақылау мен қадағалау субъектілеріне қатысты жүргізіледі.

4. Жоспарлы тексерулер бақылау мен қадағалау органы бекіткен тексерулердің жылдық тізіміне сәйкес тексеруді тағайындау туралы актінің негізінде жоспарлы тексеру жүргізілген жылдың алдындағы жылдың 10 желтоқсанына дейінгі мерзімде жүргізіледі.

Жоспарлы тексерулердің жылдық тізімі бақылау мен қадағалау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежесі бойынша жатқызу ескеріле отырып қалыптастырылады және тексеру жүргізілетін жылдың алдындағы жылдың 20 желтоқсанынан кешіктірілмей бақылау мен қадағалау органының интернет-ресурсында орналастырылады.

Бақылау мен қадағалау субъектілері (объектілері) қатер дәрежесі бойынша:

1) қатер дәрежесі жоғары субъектілер – радиациялық қауіптілігі 1 санаттағы қондырғылармен қызметті жүзеге асыратын бақылау мен қадағалау субъектілері;

2) қатер дәрежесі орташа субъектілер – ядролық отын мен оның компоненттерін дайындау жөніндегі, табиғи уранды немесе торийді, сондай-ақ Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің төмен байытылған уран банкін өндіру және (немесе) қайта өңдеу жөніндегі қондырғылар бөлігінде радиациялық қауіптілігі 2 санаттағы қондырғылармен және радиациялық қауіптілігі 3 санаттағы қондырғылармен қызметті жүзеге асыратын бақылау мен қадағалау субъектілері;

3) қатер дәрежесі төмен субъектілер – ядролық отын мен оның компоненттерін дайындау жөніндегі, табиғи уранды немесе торийді, сондай-ақ Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің төмен байытылған уран банкін өндіру және (немесе) қайта өңдеу жөніндегі қондырғыларды қоспағанда, радиациялық қауіптілігі 3 санаттағы қондырғылармен қызметті жүзеге асыратын бақылау мен қадағалау субъектілері (объектілері) болып бөлінеді.

Жоғары, орташа және төмен қатер дәрежесіне жатқызылған бақылау мен қадағалау субъектілерін (объектілерін) жоспарлы тексеру жылына бір реттен жиілетпей жүргізіледі.

Бақылау мен қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты жоспарлы тексерулер жүргізудің жылдық тізімдері оларға қатысты жоспарлы тексеру тағайындалған объектілерді міндетті түрде көрсете отырып қалыптастырылады.

Жоспарлы тексерулер жүргізудің жылдық тізімдеріне жоғары және орташа қатер дәрежесіне жатқызылған бақылау мен қадағалау субъектілерінің барлық объектілері міндетті түрде енгізіледі.

Төмен қатер дәрежесіне жатқызылған бақылау мен қадағалау субъектілерінің объектілері жоспарлы тексерулердің жылдық тізімдеріне:

1) алдыңғы тексерулер нәтижелері;

2) мемлекеттік цифрлық жүйелердің мәліметтері;

3) бақылау мен қадағалау субъектісі (объектісі) ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингтеу нәтижелері;

4) радиациялық оқыс оқиғалар туралы мәліметтер;

5) нұсқамалардың орындалуы туралы ақпарат;

6) мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері;

7) растайтын фактілер ұсынылған жеке және заңды тұлғалардың өтініштері негізінде қалыптастырылатын ақпарат ескеріле отырып енгізіледі.

Тексерулер жүргізудің жылдық тізіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу тексерілетін бақылау мен қадағалау субъектісі (объектісі) таратылған, қайта ұйымдастырылған, оның атауы өзгерген, сондай-ақ табиғи, техногендік және (немесе) әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай туындаған, төтенше жағдай режимі енгізілген, эпидемияның, карантиндік объектілер ошақтарының және аса қауіпті зиянды организмдердің, жұқпалы, паразиттік аурулардың, уланудың таралуы, радиациялық авариялар мен соған байланысты шектеулер орын алған немесе таралу қаупі төнген жағдайларда жүзеге асырылады.

Тексерулер тізімінің нысанын уәкілетті орган бекітеді.

5. Бақылау мен қадағалау органы, егер осы бапта өзгеше көзделмесе, бақылау мен қадағалау субъектісін (объектісін) не оның уәкілетті адамын, өз құзыреті шегінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органды жоспарлы тексеруді жүргізудің басталғаны туралы оның басталу күнін көрсете отырып, тексеру

басталардан кемінде бір жұмыс күні бұрын жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.

Төменде көрсетілген тәсілдердің бірімен жіберілген тексеру жүргізудің басталғаны туралы хабарлама:

1) қолма-қол берілген жағдайда – хабарламада алу туралы белгі қойылған күннен бастап;

2) пошта арқылы берілген жағдайда – хабарламасы бар тапсырыс хатпен;

3) ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларына, оның ішінде «цифрлық үкімет» веб-порталында тіркелген құрылғыларға, жедел хабар алмасу сервистеріне, электрондық пошта арқылы берілген жағдайда – бақылау мен қадағалау органы ресми өзара іс-қимыл жасау үшін пайдаланылатын бақылау мен қадағалау субъектісінің (объектісінің) мекенжайына жіберген күннен бастап тиісті түрде табыс етілді деп есептеледі.

6. Адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне төнетін тікелей қатердің алдын алу және (немесе) оны жою мақсатында нақты бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты жоспардан тыс тексеруді тағайындау үшін негіз болған нақты фактілер мен мән-жайлар бойынша бақылау мен қадағалау органы тағайындайтын тексеру жоспардан тыс тексеру болып саналады.

Осы баптың 7-тармағының 3), 4), 5), 7) 8) және 10) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, жоспардан тыс тексеруді жүргізу кезінде бақылау мен қадағалау органы бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) тексеру жүргізудің нысанасын көрсете отырып, бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бақылау мен қадағалау субъектісін (объектісін) жоспардан тыс тексеру жүргізудің басталғаны туралы оның басталуынан кемінде бір тәулік бұрын хабарлауға міндетті.

7. Бақылау мен қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) жоспардан тыс тексеру жүргізу үшін негіздер:

1) жедел ден қою шараларын қолдануға негіз болатын бұзушылықтарды жоюды бақылау;

2) тергеп-тексеру нәтижелері бойынша іс-шаралардың орындалуын бақылау;

3) қашықтан бақылау нәтижелері туралы қорытындыда көрсетілген іс-шаралардың орындалмауы, оның ішінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы ақпараттың берілмеуі және (немесе) бұзушылықтардың жойылмауы;

4) Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы және (немесе) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнамасының талаптарын бұзудың нақты фактілері мен мән-жайлары бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;

5) егер бақылау мен қадағалау субъектісі (объектісі) анықталған бұзушылықтарды жою туралы ақпаратты бір реттен артық ұсынбаса және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жоймаса, жоспарлы және жоспардан

тыс тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың орындалуын бақылау;

6) адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтірудің нақты фактілері не зиян келтіру қаупі туралы фактілер бойынша прокурордың талабы;

7) мемлекеттік органдардың, уәкілетті органның құрылымдық бөлімшелерінің адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға зиян келтірудің, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы және (немесе) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнамасы талаптарының бұзылуының нақты фактілері бойынша өтініштері;

8) ядролық, радиациялық немесе ядролық физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты, ядролық қондырғы жүйелеріндегі, жабдықтарындағы, құжаттамасындағы өзгерістер туралы ақпарат;

9) бақылау мен қадағалау субъектісінің (объектісінің) бастапқы тексерумен келіспейтіні туралы өтінішіне байланысты қайта тексеру (жедел ден қою шараларын қолданудың заңсыздығы);

10) осы Заңның 9-бабына сәйкес атом энергиясын пайдалану саласындағы лицензияның болмауы және (немесе) қолданылу мерзімінің өтуі туралы рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізіліміндегі ақпарат;

11) Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде көзделген негіздер бойынша қылмыстық қудалау органының тапсырмасы;

12) Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы және (немесе) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнамасының талаптарын бұзу бойынша бақылау мен қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты шаралар қабылдау туралы жоғары тұрған мемлекеттік органның бірінші басшысының тапсырмасы;

13) тұрақты бақылау мен қадағалау жүргізу барысында берілген, анықталған бұзушылықтарды жою туралы жедел нұсқамалардың орындалмауы;

14) Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы және (немесе) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнамасының талаптарын бұзу туралы масс-медиадағы, мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелеріндегі жарияланымдар мен хабарлар;

15) тексеруді жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат алу мақсатында тексерілетін субъект азаматтық-құқықтық қатынастарда болған үшінші тұлғаларға қатысты қарсы тексеру.

8. Жоспардан тыс тексеру нысанасына жатпайтын, ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік деңгейін төмендетуге алып

келетін, Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы және (немесе) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнамасының талаптарын бұзу фактілері анықталған кезде олар тексеру нәтижелері туралы актіде көрсетіледі.

9. Анонимдік өтініштер болған жағдайда жоспардан тыс тексерулер жүргізілмейді.

7-3-бап. Тұрақты мемлекеттік бақылау мен қадағалау режимі

1. Радиациялық қауіптілігі 1 санаттағы қондырғылармен қызметті жүзеге асыратын бақылау мен қадағалау субъектілеріне қатысты тұрақты мемлекеттік бақылау мен қадағалау режимі белгіленеді.

2. Тұрақты мемлекеттік бақылау мен қадағалау бақылау мен қадағалау органының уәкілетті лауазымды адамдарының тікелей радиациялық қауіптілігі 1 санаттағы қондырғыларда тұрақты болуы және қауіпсіздіктің жай-күйін бақылау мен қадағалау жөніндегі іс-шараларды жүргізуі арқылы жүзеге асырылады.

3. Радиациялық қауіптілігі 1 санаттағы қондырғылармен қызметті жүзеге асыратын бақылау мен қадағалау субъектілерінің осы қондырғылардың өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде ядролық, радиациялық, ядролық физикалық қауіпсіздік жөніндегі талаптарды, ядролық қаруды таратпау режимін, сондай-ақ радиациялық қауіптілігі 1 санаттағы қондырғылардың, олардың жүйелері мен элементтерінің көрсетілген талаптарға сәйкестігін сақтауы тұрақты мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың мәні болады.

4. Тұрақты мемлекеттік бақылау мен қадағалау осы Заңға және уәкілетті орган бекітетін атом энергиясын пайдалану саласында тұрақты мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүргізу қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

5. Тұрақты мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүргізуге үшін уәкілетті лауазымды адамдардың тізімдерін бақылау мен қадағалау органының аумақтық бөлімшесінің басшысы мынадай шарттарды сақтай отырып бекітеді:

1) радиациялық қауіптілігі 1 санаттағы бір қондырғыға бақылау мен қадағалау органының кемінде екі лауазымды адамы тағайындалады;

2) радиациялық қауіптілігі 1 санаттағы бір қондырғыға лауазымды адамдарды тағайындау мерзімі үш жылдан аспайды;

3) лауазымды адамдарды радиациялық қауіптілігі 1 санаттағы қондырғылар арасында әрбір үш жыл сайын ротациялау жүргізіледі.

6. Тұрақты мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүргізу үшін уәкілетті лауазымды адамдардың өзекті тізімдері бақылау мен қадағалау субъектілеріне жыл сайын тұрақты мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүргізілген жылдың алдындағы жылдың 10 желтоқсанына дейінгі мерзімде жіберіледі.

7. Бұл ретте тұрақты мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүргізу үшін уәкілетті лауазымды адамдардың құрамы бақылау мен қадағалау органының аумақтық бөлімшесі басшысының шешімімен өзгеруі мүмкін, бұл туралы бақылау мен қадағалау субъектісі (объектісі) шешім қабылданғаннан кейін хабардар етіледі.

8. Радиациялық қауіптілігі 1 санаттағы қондырғылармен қызметті жүзеге асыратын бақылау мен қадағалау субъектілері уәкілетті адамдар қызметтік куәлігін көрсеткен кезде уәкілетті лауазымды адамдардың объектілерге, олардың жүйелері мен элементтеріне, сондай-ақ құжаттарға кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етуге міндетті.

9. Мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүргізу барысында атом энергиясын пайдалану саласындағы және (немесе) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнама талаптарының бұзылуы, сондай-ақ объектілердің, олардың жүйелері мен элементтерінің көрсетілген талаптарға сәйкес келмеуі анықталған жағдайларда уәкілетті лауазымды адам тұрақты бұзушылықтарды жою туралы жедел нұсқама ресімдейді және береді.

10. Бұзушылықтарды жою мерзімдері оны орындаудың нақты мүмкіндігіне әсер ететін мән-жайлар ескеріле отырып айқындалады.

11. Бақылау мен қадағалау субъектісіне байланысты емес себептер бойынша жедел нұсқаманы (жедел нұсқаманың тармағын) белгіленген мерзімде орындау мүмкін болмаған жағдайда, бақылау мен қадағалау субъектісі нұсқаманы орындау мерзімі аяқталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей жедел нұсқама берген уәкілетті лауазымды адамға, қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі өтеу шараларын көрсете отырып және көрсетілген шаралардың тиімділігі мен жеткіліктілігін негіздей отырып, жедел нұсқаманың (жедел нұсқама тармағының) орындалу мерзімін ұзарту туралы дәлелді өтінішхатпен жүгінуге құқылы.

12. Жедел нұсқама берген бақылау мен қадағалау органының уәкілетті лауазымды адамы баяндалған дәлелдерді ескере отырып, жедел нұсқаманы орындау мерзімдерін ұзарту туралы өтінішті алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде нақты орындау мерзімдерін көрсете отырып, анықталған бұзушылықтарды жою туралы жедел нұсқаманы орындау мерзімдерін ұзарту туралы немесе дәлелді негіздемемен ұзартудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

13. Бұзушылықтарды жою туралы жедел нұсқамаларды белгіленген мерзімде орындамау осы Заңда белгіленген тәртіппен бақылау мен қадағалау субъектісін (объектісін) жоспардан тыс тексеруді тағайындау үшін негіз болады.

14. Бақылау мен қадағалау органының уәкілетті лауазымды адамдарының тұрақты мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүргізу кезінде:

1) бақылау мен қадағалау субъектісінің (объектісінің) аумағында, үй-жайларында тұрақты болуға, жабдықтарына, элементтеріне, жүйелеріне,

техникалық құралдарына, материалдарына, сондай-ақ құжаттары мен қауіпсіздікті бақылау құралдарына кедергісіз қол жеткізуге;

2) ядролық қауіпсіздікті және (немесе) радиациялық қауіпсіздікті және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздікті бағалау мен сараптамалар жүргізу үшін атом энергиясын пайдалану саласындағы ғылыми-техникалық қолдау ұйымының мамандарын тартуға;

3) құжаттарды (мәліметтерді) қағаз және электрондық жеткізгіштерде не олардың көшірмелерін алуға, сондай-ақ мемлекеттік бақылау мен қадағалау нысанасына сәйкес автоматтандырылған дерекқорларға (цифрлық жүйелерге) қол жеткізуге;

4) аудио-, фото- және бейнетүсіруді жүзеге асыруға;

5) регистрограммаларды, осциллограммаларды, техникалық бақылау құралдарының, қадағалау және тіркеп-белгілеу аспаптарының жазбаларын, жедел журналдардан үзінді көшірмелерді, түсініктеме жазбаларды, схемаларды, сызбаларды, фото-, аудио- және бейнематериалдарды, сауалнама парақтарын және мемлекеттік бақылау мен қадағалау нысанасына жататын басқа да материалдарды пайдалануға;

6) түсініктеме алу үшін бақылау мен қадағалау субъектісін шақыруға;

7) ядролық қауіпсіздікке және (немесе) радиациялық қауіпсіздікке және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздікке зерттеулер, сынақтар мен сараптамалар жүргізуге бастамашылық жасауға;

8) авариядан қарсы жаттығулар мен оқу-жаттығуларға қатысуға құқығы бар.

15. Бақылау мен қадағалау органының уәкілетті лауазымды адамдары мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүргізу кезінде:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, бақылау мен қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауға;

2) осы Заңда және уәкілетті орган бекітетін атом энергиясын пайдалану саласындағы тұрақты мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүргізу қағидаларында белгіленген тәртіп негізінде және соған қатаң сәйкестікте тұрақты мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүргізуге;

3) егер осы Заңда өзгеше көзделмесе, мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүргізу кезеңінде бақылау мен қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмеуге;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесу жөніндегі өкілеттіктерді уақтылы және толық көлемде жүзеге асыруға;

5) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) не оның уәкілетті өкіліне мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүргізу кезінде қатысуға кедергі жасамауға, мемлекеттік бақылау мен қадағалау нысанасына жататын мәселелер бойынша түсіндірмелер беруге;

6) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) мемлекеттік бақылау мен қадағалау нысанасына жататын қажетті ақпаратты беруге;

7) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) анықталған бұзушылықтарды жою туралы жедел нұсқаманы табыс етуге;

8) тұрақты мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүргізу нәтижесінде алынған құжаттар мен мәліметтердің сақталуын және құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті.

16. Бақылау мен қадағалау субъектілері не олардың уәкілетті адамдары тұрақты мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүргізу кезінде:

1) бақылау мен қадағалау органының лауазымды адамдарын:

бақылау мен қадағалау органының тиісті өкілеттіктері жоқ лауазымды адамдарына тұрақты мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүргізу тапсырылған;

осы Заңда белгіленген талаптар өрескел бұзылған жағдайларда тұрақты мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жібермеуге;

2) ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік деңгейінің төмендеуіне алып келетін, Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы және (немесе) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнамасының талаптарын бұзу фактілері анықталған жағдайларды қоспағанда, құжаттар мен мәліметтерді, егер олар тексеру нысанасына жатпаса, ұсынбауға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бақылау мен қадағалау органы лауазымды адамдарының бұзушылықтарды жою туралы жедел нұсқамасына, сондай-ақ әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасауға;

4) бақылау мен қадағалау органының уәкілетті лауазымды адамының бақылау мен қадағалау субъектілерінің қызметін шектейтін, заңға негізделмеген тыйым салуларын орындамауға;

5) бақылау мен қадағалау органының уәкілетті лауазымды адамдарының қызметіне кедергі келтірмей, аудио-, фото- және бейнетүсіру арқылы тұрақты мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру процесін, сондай-ақ бақылау мен қадағалау органының уәкілетті лауазымды адамдарының тұрақты мемлекеттік бақылау мен қадағалау шеңберінде жүргізетін жекелеген іс-қимылдарын тіркеп-белгілеуге құқылы.

17. Бақылау мен қадағалау субъектілері не олардың уәкілетті адамдары тұрақты мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүргізу кезінде:

1) бақылау мен қадағалау органының уәкілетті лауазымды адамдарының бақылау мен қадағалау субъектісінің (объектісінің) аумағына, үй-жайларына, жабдықтарына, элементтеріне, жүйелеріне, техникалық құралдарына, материалдарына, сондай-ақ құжаттары мен қауіпсіздікті бақылау құралдарына кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) объектінің қызметтік үй-жайын (жұмыс орнын), жеке қорғау құралдарын, байланыс құралдарын және цифрлық жүйелеріне қолжетімділік

беруді қоса алғанда, бақылау мен қадағалау органының уәкілетті лауазымды адамдарын олардың өз өкілеттіктерін жүзеге асыруы үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз етуге;

3) коммерциялық, салықтық не заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау жөніндегі талаптарды сақтай отырып, тұрақты мемлекеттік бақылау мен қадағалау нысанасына сәйкес бақылау мен қадағалау органының уәкілетті лауазымды адамдарына құжаттардың (мәліметтердің) көшірмелерін қағаз және электрондық жеткізгіштерде ұсынуға, сондай-ақ автоматтандырылған дерекқорларға (цифрлық жүйелерге) қолжетімділік беруге;

4) жедел нұсқаманың екінші данасында алғаны туралы белгі қоюға;

5) бақылау мен қадағалау органының уәкілетті лауазымды адамдарының тұрақты мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүргізу кезінде осы объект үшін белгіленген нормативтерге сәйкес зиянды және қауіпті өндірістік ықпал ету факторларынан қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті.

18. Бақылау мен қадағалау субъектісі жедел нұсқамада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, жедел нұсқама берілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бақылау мен қадағалау органының аумақтық бөлімшесіне қарсылық жіберуге құқылы.

Қарсылықта бақылау мен қадағалау субъектісі бақылау мен қадағалау органына жіберілетін ескертулерді және (немесе) дәлелдерді баяндауға міндетті.

Бақылау мен қадағалау органының аумақтық бөлімшесі ескертулерді және (немесе) дәлелдерді ескере отырып, қарсылықты алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қарсылықты қабылдау немесе дәлелді негіздемемен қабылдаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.»;

5) 5-тарау мынадай мазмұндағы 7-4, 7-5, 7-6, 7-7, 7-8, 7-9 және 7-10-баптармен толықтырылсын:

«7-4-бап. Қашықтан бақылау

1. Қашықтан бақылауды бақылау мен қадағалау органы атом энергиясын пайдалану объектілерімен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік пен сенімділікке әсер ететін бұзушылықтарды анықтау мәніне бақылау мен қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметін талдау арқылы тұрақты негізде жүргізеді.

2. Қашықтан бақылауды бақылау мен қадағалау органы осы баптың 1-тармағына сәйкес бұзушылыққа жол берген бақылау мен қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты бақылау мен қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметін, цифрлық жүйелер деректерін, бақылау мен қадағалау субъектілері (объектілері) ұсынған есептілікті, ашық көздерді, бұқаралық ақпарат құралдарын, сондай-ақ бақылау мен қадағалау субъектісінің (объектісінің) қызметі туралы басқа да мәліметтерді, оның ішінде мемлекеттік органдармен ведомствоаралық өзара іс-қимыл жасау шеңберінде алынған ақпаратты талдау негізінде жүргізеді.

3. Қашықтан бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда, бұзушылықтар анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде бұзушылықтарды жою туралы қорытынды жасалады және бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) жіберіледі.

Қашықтан бақылау нәтижелері туралы қорытындының нысанын уәкілетті орган бекітеді.

4. Бақылау мен қадағалау органы қашықтан бақылауды жүргізу шеңберінде:

1) бақылау мен қадағалау субъектілерінен (объектілерінен) және олардың лауазымды адамдарынан мәліметтер мен құжаттарды не олардың көшірмелерін жазбаша түрде сұратуға;

2) бақылау нысанасына қатысты түсініктемелер алу үшін бақылау мен қадағалау субъектілерін шақыруға құқылы.

5. Бақылау мен қадағалау субъектілері (объектілері) бақылау мен қадағалау органының сұрау салуында көрсетілген мәліметтер мен құжаттарды бақылау мен қадағалау органы белгілеген мерзімдерде ұсынуға міндетті.

6. Қашықтан бақылау нәтижелері туралы қорытынды екі данада жасалады. Бір данасы бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) жіберіледі, екінші данасы бақылау мен қадағалау органында қалады.

Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген қашықтан бақылау нәтижелері туралы қорытынды:

1) қолма-қол берілген жағдайда – қорытындыда алу туралы белгі қойылған күннен бастап;

2) пошта арқылы берілген жағдайда – хабарламасы бар тапсырыс хатпен;

3) ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларына, оның ішінде «цифрлық үкімет» веб-порталында тіркелген құрылғыларға, жедел хабар алмасу сервистеріне, электрондық пошта арқылы берілген жағдайда – бақылау мен қадағалау органы ресми өзара іс-қимыл жасау үшін пайдаланылатын бақылау мен қадағалау субъектісінің (объектісінің) мекенжайына жіберген күннен бастап тиісті түрде табыс етілді деп есептеледі.

7. Қашықтан бақылау нәтижелері туралы қорытындыны алған бақылау мен қадағалау субъектісі оны табыс еткен күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде қашықтықтан бақылау жүргізген бақылау мен қадағалау органына анықталған бұзушылықтарды жоюдың нақты мерзімдерін көрсете отырып, оларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын ұсынуға міндетті.

Қашықтан бақылау нәтижелері туралы қорытындыда көрсетілген мерзімдер өткеннен кейін бақылау мен қадағалау субъектісі қашықтан бақылау нәтижелері туралы қорытындының орындалуы туралы ақпарат береді.

Бақылау мен қадағалау субъектісі (объектісі) қашықтан бақылау нәтижелері туралы қорытындының орындалуы туралы берілген ақпаратқа бұзушылықты жою фактісін дәлелдейтін материалдарды қоса береді.

8. Бақылау мен қадағалау субъектісі қашықтан бақылау нәтижелері туралы қорытындыда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, қашықтан бақылау нәтижелері туралы қорытындыны жіберген, қашықтан бақылауды жүргізген бақылау мен қадағалау органына қашықтан бақылау нәтижелері туралы қорытынды табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

Бақылау мен қадағалау субъектісі қарсылықта бақылау мен қадағалау органына жіберілетін ескертулерді және (немесе) дәлелдерді баяндауға міндетті.

Қашықтан бақылауды жүргізген бақылау мен қадағалау органы қарсылықты алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде ескертулерді және (немесе) дәлелдерді ескере отырып, қарсылықты қабылдау немесе дәлелді негіздемемен қабылдаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

9. Қашықтан бақылау нәтижелері туралы қорытындыны белгіленген мерзімде орындамау осы Заңға сәйкес бақылау мен қадағалау субъектісін (объектісін) жоспардан тыс тексеруді тағайындау үшін негіз болады.

10. Атом энергиясын пайдалану саласында қашықтан бақылауды жүзеге асыру құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда тіркеуді және бақылау мен қадағалау субъектісін (объектісін) алдын ала хабардар етуді талап етпейді.

7-5-бап. Атом энергиясын пайдалану саласындағы тергеп-тексеру

1. Атом энергиясын пайдалану саласындағы тергеп-тексеру (бұдан әрі – тергеп-тексеру) мынадай негіздер бойынша жүргізіледі:

1) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттік органдардың адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтірудің нақты фактілері бойынша өтініштері, мұндай факт адамдардың кең ауқымына қатысты болған және бұзушылыққа жол берген нақты тұлғаны (нақты тұлғаларды) анықтау талап етілген жағдайларда;

2) ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздікке байланысты, олардың алдындағы мән-жайларды анықтау, олардың себептерін, бұзушылықтардың сипатын анықтау, салдарларын жою және осындай бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды айқындау қажеттілігі туындайтын авариялар мен оқыс оқиғалар туралы ақпарат.

2. Тергеп-тексеруді бақылау мен қадағалау органының лауазымды адамдары осы Заңға және атом энергиясын пайдалану саласында тергеп-тексеру жүргізу қағидаларына сәйкес жүргізеді.

3. Тергеп-тексеруге қажет болған жағдайда атом энергиясын пайдалану саласындағы ғылыми-техникалық қолдау ұйымының мамандары, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мамандары, консультанттары мен сарапшылары, атом энергиясын пайдалану саласындағы халықаралық сарапшылар тартылады.

Тартылған сарапшылар мен мамандардың қорытындылары тексеру нәтижелері бойынша материалдарға міндетті түрде қоса тіркеледі.

4. Бақылау мен қадағалау субъектілері тергеп-тексеру шеңберінде:

1) бақылау мен қадағалау органының лауазымды адамына немесе комиссия мүшелеріне, тартылған сарапшылар мен мамандарға болуы туралы талап бақылау мен қадағалау субъектісінің ішкі құжаттарында көзделген арнайы киім мен жеке қорғану құралдарын беруді;

2) тергеп-тексеруге қатысты, оның ішінде мұрағаттық құжаттарды және (немесе) материалдарды, жазбаша және (немесе) ауызша нысанда түсініктемелерді ұсынуды;

3) зерттеп қарау, қарап-тексеру жүргізу үшін кедергісіз мүмкіндікті;

4) бақылау мен қадағалау органының лауазымды адамдарының, комиссия мүшелерінің, тартылған сарапшылар мен мамандардың тергеп-тексеру нысанасына жататын объектінің аумағына (әкімшілік ғимараттарға, құрылыстарға, құрылысжайларға, үй-жайларға және басқа да объектілерге) кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге міндетті.

5. Тергеп-тексеруді жүргізу барысында Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзу себептері анықталады, тергеп-тексеру жүргізуге негіз болған, Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының бұзылуына жол берген бақылау мен қадағалау субъектілері (объектілері) айқындалады.

6. Тергеп-тексеру нәтижелері бойынша тергеп-тексеру нәтижелері туралы акт жасалады, онда сонымен қатар анықталған бұзушылықтар, оларды жою жөніндегі нұсқаулар, анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдері көрсетіледі.

Анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдері тергеп-тексеру нәтижелері туралы актіні орындаудың нақты мүмкіндігіне әсер ететін мән-жайлар ескеріле отырып, бірақ табыс етілген күннен бастап кемінде күнтізбелік он күн болып айқындалады.

Бақылау мен қадағалау субъектісі тергеп-тексеру нәтижелері туралы актіде көзделген мерзімдер өткенге дейін бұзушылықты жою фактісін дәлелдейтін материалдарды (қажет болған кезде) қоса бере отырып, анықталған бұзушылықтардың жойылғаны туралы ақпарат беруге міндетті.

7. Анықталған бұзушылықтарды жою үшін қосымша уақыт және (немесе) қаржылық шығындар қажет болған жағдайда бақылау мен қадағалау субъектісі өзіне тергеп-тексеру нәтижелері туралы акт табыс етілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзарту туралы өтінішпен бақылау мен қадағалау органына жүгінуге құқылы.

8. Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының бұзылуына жол берген бақылау мен қадағалау субъектісі анықталған жағдайда адамдарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауаптылыққа тарту жөнінде шаралар қабылданады.

Әкімшілік құқық бұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті деректер анықталған кезде Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалады.

9. Анықталған бұзушылықтардың жойылғаны туралы ақпарат берілген жағдайда немесе оларды жою мерзімдері өткеннен кейін жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

10. Атом энергиясын пайдалану саласында тергеп-тексерулерді жүргізу тәртібінің сақталмауы тергеп-тексеруді тағайындау, оның мерзімдерін ұзарту және нәтижелері туралы актілерді жарамсыз деп тануға және (немесе) олардың күшін жоюға негіз болып табылады.

11. Тергеп-тексеруді жүргізу қорытындылары, мемлекеттік құпияларды не Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, бақылау мен қадағалау органының интернет-ресурсында тергеп-тексеру аяқталған күннен кейін он жұмыс күні ішінде жарияланады.

12. Тергеп-тексерудің нәтижелері туралы актіге шағым жасау актінің орындалуын тоқтата тұрмайды.

7-6-бап. Атом энергиясын пайдалану саласында жедел ден қою шаралары және оларды қолдану тәртібі

1. Мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру барысында және (немесе) оның нәтижелері бойынша бақылау мен қадағалау органы Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы және (немесе) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнамасының талаптарын бұзушылықтар анықталған жағдайларда, егер бақылау мен қадағалау субъектісінің (объектісінің) қызметі жеке және заңды тұлғалардың құқықтарына, бостандықтары мен заңды мүдделеріне, адамдардың өмірі мен денсаулығына, мүлікке, қоршаған ортаға, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне тікелей қатер төндіретін болса, атом энергиясын пайдалану саласындағы жедел ден қою шараларын (бұдан әрі – жедел ден қою шаралары) қолданады.

2. Тексеруді және (немесе) тергеп-тексеруді жүзеге асыру барысында және (немесе) жүргізу нәтижелері бойынша бақылау мен қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) қолданылатын әсер ету тәсілдері, түрлері осы бапта көзделген жедел ден қою шаралары болып табылады.

3. Жедел ден қою шараларында мынадай түрлер қамтылады:

1) бақылау мен қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметін тоқтата тұру;

2) бақылау мен қадағалау субъектісінің (объектісінің) атом энергиясын пайдалану саласындағы өнім өндіру, аспаптар мен қондырғылар дайындау, қызметтер көрсету, жұмыстарды орындау жөніндегі қызметіне немесе кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу;

3) халықтың пайдалануы мен қолдануына, сондай-ақ кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызметте пайдалану мен қолдануға арналған өнімдерді, аспаптар мен қондырғыларды әкелуге, Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға және өткізуге тыйым салу;

4) адамдарды жұмыстан уақытша шеттету.

4. Адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін, қоршаған ортаның белгіленген нормалардан жоғары радиоактивтік ластануына алып келетін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұзу жедел ден қою шараларын қолдану үшін негіз болып табылады.

Бұзылуы жедел ден қою шараларын қолдануға алып келетін талаптардың тізбесін, сондай-ақ осы шараның қолданылу мерзімін (қажет болған жағдайда) көрсете отырып, жедел ден қою шараларының нақты түрінің талаптарын нақты бұзушылықтарға қатысты айқындауды уәкілетті орган бекітеді.

5. Бақылау мен қадағалау органы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру барысында және (немесе) оның нәтижелері бойынша жедел ден қою шараларын қолдануға негіз болып табылатын, талаптарды бұзушылықтарды анықтаған кезде уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша қадағалау актісін ресімдейді.

Қадағалау актісі төменде санамаланған тәсілдердің бірімен рәсімделеді және бақылау мен қадағалау субъектісіне жіберіледі және:

1) қолма-қол берілген жағдайда – қорытындыда алу туралы белгі қойылған күннен бастап;

2) пошта арқылы берілген жағдайда – хабарламасы бар тапсырыс хатпен;

3) ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларына, оның ішінде «цифрлық үкімет» веб-порталында тіркелген құрылғыларға, жедел хабар алмасу сервистеріне, электрондық пошта арқылы берілген жағдайда – бақылау мен қадағалау органы ресми өзара іс-қимыл жасау үшін пайдаланылатын бақылау мен қадағалау субъектісінің (объектісінің) мекенжайына жіберген күннен бастап тиісті түрде табыс етілді деп есептеледі.

6. Қадағалау актісін қолма-қол табыс ету кезінде оны қабылдаудан бас тартылған жағдайда оған тиісті жазба енгізіледі және актіні қабылдаудан бас тарту фактісін тіркейтін бейнежазба жүзеге асырылады. Қадағалау актісі оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар хатпен бақылау мен қадағалау субъектісінің заңды мекенжайына, тұрған жеріне немесе нақты мекенжайына жіберіледі.

7. Қадағалау актісін алудан бас тарту оны орындамауға негіз болып табылмайды.

8. Мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру барысында және (немесе) оның нәтижелері бойынша анықталған, жедел ден қою шараларын қолдануға негіз болып табылатын, талаптарды бұзушылықтар тексеру, тергеп-тексеру нәтижелері туралы актілерде, сондай-ақ Қазақстан

Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы және (немесе) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада және жедел нұсқамада көрсетіледі.

9. Бақылау мен қадағалау субъектісі жедел ден қою шараларын қолдануға негіз болып табылатын, талаптарды анықталған бұзушылықтарды тергеп-тексеру нәтижелері туралы актіде, Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы және (немесе) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада және жедел нұсқамада көрсетілген мерзімдерде жоюға міндетті.

10. Тексеру, тергеп-тексеру және тұрақты мемлекеттік бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша талаптарды анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдері өткеннен кейін жедел ден қою шараларын қолдануға негіз болып табылатын анықталған бұзушылықтардың жойылғанын бақылау бойынша жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Бақылау мен қадағалау органы осы Заңның 7-2-бабы 7-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жоспардан тыс тексеру нәтижелері туралы актінің негізінде жедел ден қою шараларын қолдануға негіз болып табылатын, талаптарды анықталған бұзушылықтардың жойылғанын растаған жағдайда қадағалау актісінің қолданысы тоқтатылады.

11. Жедел ден қою шараларын қолдануға негіз болып табылатын, талаптарды анықталған бұзушылықтар жойылмаған жағдайда жоспардан тыс тексеру нәтижелері бойынша бұзушылықтарға жол берген адамдарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен, сондай-ақ сотқа талап қою арқылы мәжбүрлеп орындату бойынша жауаптылыққа тарту жөнінде шаралар қабылданады.

12. Бақылау мен қадағалау субъектісі тергеп-тексеру нәтижелері туралы актіде, Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы және (немесе) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада және жедел нұсқамада көзделген мерзімдер өткенге дейін бұзушылықтардың жойылу фактісін дәлелдейтін материалдарды қоса бере отырып, талаптарды анықталған бұзушылықтардың жойылғаны туралы ақпарат беруге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген ақпарат берілген жағдайда осы баптың 10-тармағының екінші бөлігіне сәйкес жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

13. Бақылау мен қадағалау субъектісі жедел ден қою шараларын қолдануға алып келген мемлекеттік бақылау мен қадағалау нәтижелерімен келіспеген жағдайда қадағалау актісін жарамсыз деп тану және оның күшін жою туралы шағым бере алады.

Шағым Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 29-тарауында көзделген тәртіппен жоғары тұрған мемлекеттік органға не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа беріледі.

Шағым беру қадағалау актісінің орындалуын тоқтата тұрмайды.

14. Қадағалау актісін жарамсыз деп тануға және оның күшін жоюға:

1) жедел ден қою шараларын қолдануға негіздің болмауы;

2) жедел ден қою шараларының осы шараларға сәйкес келмейтін негіз бойынша қолданылуы;

3) бақылау мен қадағалау органының жедел ден қою шараларын өз құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша қолдануы негіз болып табылады.

15. Жедел ден қою шараларының қолданылуы туралы ақпарат өз құзыреті шегінде мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органға Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы айқындаған тәртіппен жіберіледі.

7-7-бап. Тексерулерді жүзеге асыру тәртібі

1. Тексеру үшін келген бақылау мен қадағалау органының лауазымды адамдары бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне):

1) тексеруді тағайындау туралы актіні;

2) қызметтік куәлігін не сәйкестендіру картасын көрсетуге міндетті.

2. Тексеруді тағайындау туралы актіде мыналар көрсетіледі:

1) актінің күні мен нөмірі;

2) мемлекеттік органның атауы;

3) тексеруді жүргізуге уәкілеттік берілген адамдардың тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;

4) тексеруді жүргізу үшін тартылатын мамандар, консультанттар мен сарапшылар, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдардың лауазымды адамдары туралы мәліметтер (қажет болған кезде);

5) бақылау мен қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы, оның тұрған жері, сәйкестендіру нөмірі, объектілердің тізбесі;

6) тексерудің түрі;

7) тексерудің нысанасы;

8) тексеруді жүргізу мерзімі;

9) тексеруді жүргізудің негіздері;

10) тексерілетін кезең;

11) бақылау мен қадағалау субъектісінің (объектісінің) құқықтары мен міндеттері;

12) актіге қол қоюға уәкілеттік берілген лауазымды адамның қолтаңбасы;

13) бақылау мен қадағалау субъектісі (объектісі) басшысының не оның уәкілетті адамының актіні алғаны немесе алудан бас тартқаны туралы қолтаңба.

3. Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) не оның уәкілетті адамына тексеруді тағайындау туралы акт табыс етілген күн тексеру жүргізудің басталуы болып есептеледі.

Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген тексеруді тағайындау туралы акт:

1) қолма-қол берілген жағдайда – қорытындыда алу туралы белгі қойылған күннен бастап;

2) пошта арқылы берілген жағдайда – хабарламасы бар тапсырыс хатпен;

3) ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларына, оның ішінде «цифрлық үкімет» веб-порталында тіркелген құрылғыларға, жедел хабар алмасу сервистеріне, электрондық пошта арқылы берілген жағдайда – бақылау мен қадағалау органы ресми өзара іс-қимыл жасау үшін пайдаланылатын бақылау мен қадағалау субъектісінің (объектісінің) мекенжайына жіберген күннен бастап тиісті түрде табыс етілді деп есептеледі.

Тексеруді тағайындау туралы акт тексеруді тағайындаған бақылау мен қадағалау органының тексерулерді тіркеу журналында тіркеледі.

4. Тексеруді тағайындау туралы актіні қолма-қол тапсырған кезде қабылдаудан бас тартылған жағдайда, оған тиісті жазба енгізіледі және актіні қабылдаудан бас тарту фактісін тіркеп-белгілейтін бейнежазба жүзеге асырылады.

Тексеруді тағайындау туралы актіні алудан бас тарту оны орындамауға және тексерудің күшін жоюға негіз болып табылмайды.

5. Тексеруді тағайындау туралы актіні қабылдаудан бас тартылған, сондай-ақ бақылау мен қадағалау органы лауазымды адамдарының тексеру субъектісіне (объектісіне), тексеру жүргізу үшін қажетті материалдарға, жабдыққа қол жеткізуіне кедергі келтірілген жағдайларда Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалады.

6. Тексеруді тағайындау туралы актіде көрсетілген лауазымды адам (лауазымды адамдар) ғана тексеруді жүргізе алады.

Бұл ретте тексеруді жүргізетін лауазымды адамдардың құрамы бақылау мен қадағалау органының шешімімен өзгеруі мүмкін, бұл туралы бақылау мен қадағалау субъектісі (объектісі) ауыстырудың себебі көрсетіле отырып, тексеруді тағайындау туралы актіде көрсетілмеген адамдардың тексеруге қатысуы басталғанға дейін хабардар етіледі.

7. Тексеруді жүргізу мерзімдері алдағы жұмыстардың көлемі, сондай-ақ тексеру нысанасы ескеріле отырып белгіленеді және:

1) жоспарлы тексерулерді жүргізу кезінде қатердің жоғары дәрежесіне жатқызылған бақылау мен қадағалау субъектілері (объектілері) үшін – жиырма жұмыс күнінен, қатердің орташа және төмен дәрежелеріне жатқызылған бақылау мен қадағалау субъектілері (объектілері) үшін – он бес жұмыс күнінен;

2) жоспардан тыс тексерулер жүргізу кезінде – он бес жұмыс күнінен аспауға тиіс.

8. Бақылау мен қадағалау органының басшысы (не оны алмастыратын адам) арнаулы зерттеулер, сынақтар, сараптамалар жүргізу қажет болған кезде, сондай-ақ жұмыс көлемінің едәуір болуына байланысты тексеруді жүргізу мерзімін отыз жұмыс күнінен аспайтын мерзімге бір рет қана ұзарта алады.

Тексеруді жүргізу мерзімдерін ұзарту тексеру мерзімі аяқталғанға дейін бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) хабарлама табыс етіле отырып, тексеру мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актімен ресімделеді, онда тексеруді тағайындау туралы алдыңғы актінің тіркелген күні мен нөмірі және ұзарту себебі көрсетіледі.

9. Бақылау мен қадағалау органының басшысы (не оны алмастыратын адам) тексеруді:

1) мерзімі отыз жұмыс күнінен асатын арнаулы зерттеулер, сынақтар мен сараптамалар жүргізілген жағдайда (қорытынды алынғанға дейін);

2) үшінші тұлғалардан мерзімі отыз жұмыс күнінен асатын мәліметтер мен құжаттарды алу қажет болған кезде (оларды алғанға дейін);

3) тексеруді жүргізуге кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде;

4) оған қатысты тексеру жүргізілетін субъектінің орналасқан жері анықталмаған жағдайда бір рет қана тоқтата тұруы мүмкін.

Тексеруді тоқтата тұру тексеру мерзімі аяқталғанға дейін бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) хабарлама табыс етіле отырып, тексеруді тоқтата тұру туралы актімен ресімделеді, онда тексеруді тағайындау туралы алдыңғы актінің тіркелген күні мен нөмірі және тоқтата тұру себебі көрсетіледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген тексеруді тоқтата тұру үшін негіздер тоқтатылғаннан кейін тексеру тоқтатыла тұрған мерзімінен бастап қайта басталады.

Тексеруді қайта бастау тексеруді тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға дейін бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) хабарлама табыс етіле отырып, тексеруді қайта бастау туралы актімен ресімделеді, онда тексеруді қайта бастау күні көрсетіледі.

Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген тексеруді тоқтата тұру туралы акт және тексеруді қайта бастау туралы акт:

1) қолма-қол берілген жағдайда – хабарламада алу туралы белгі қойылған күннен бастап;

2) пошта арқылы берілген жағдайда – хабарламасы бар тапсырыс хатпен;

3) ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларына, оның ішінде «цифрлық үкімет» веб-порталында тіркелген құрылғыларға, жедел хабар алмасу сервистеріне, электрондық пошта арқылы берілген жағдайда – бақылау

мен қадағалау органы ресми өзара іс-қимыл жасау үшін пайдаланылатын бақылау мен қадағалау субъектісінің (объектісінің) мекенжайына жіберген күннен бастап тиісті түрде табыс етілді деп есептеледі.

10. Бақылау мен қадағалау органының лауазымды адамы (лауазымды адамдары) тексеру нәтижелері бойынша тексеру нәтижелері туралы акт және бұзушылықтар анықталған жағдайда, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама жасайды.

Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы және (немесе) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнамасының талаптарын бұзушылықтар анықталған кезде әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін негіздер болған кезде Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалады.

11. Тексеру нәтижелері туралы актіде мыналар көрсетіледі:

1) актінің жасалған күні мен орны;

2) мемлекеттік органның атауы;

3) тексеруді тағайындау туралы актінің (олар болған кезде тексеру мерзімін ұзарту, тексеруді тоқтата тұру туралы қосымша актілердің) күні мен нөмірі;

4) тексеруді жүргізген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;

5) бақылау мен қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы, оның орналасқан жері немесе бақылау мен қадағалау субъектісінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), тексеру жүргізу кезінде қатысқан жеке немесе заңды тұлға өкілінің лауазымы;

6) тексеруді жүргізу кезеңі;

7) тексерудің түрі;

8) тексеру нәтижелері туралы, оның ішінде анықталған бұзушылықтар туралы мәліметтер;

9) тексеру нәтижелері туралы актімен танысу немесе танысудан бас тарту, сондай-ақ тексеру жүргізу кезінде қатысқан адамдар туралы мәліметтер, олардың қолтаңбасы немесе қол қоюдан бас тарту туралы жазба;

10) тексеруді жүргізген лауазымды адамның (лауазымды адамдардың) қолтаңбасы.

Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы және (немесе) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнамасының талаптарын бұзушылықтар болмаған жағдайда, тексеру нәтижелері туралы актіде тиісті жазба жасалады.

12. Анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада мыналар көрсетіледі:

1) нұсқаманың жасалған күні мен орны;

2) мемлекеттік органның атауы;

3) тексеру жүргізген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;

4) бақылау мен қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауы, оның тұрған жері немесе өзіне қатысты тексеру жүргізу тағайындалған жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), тексеруді жүргізу кезінде қатысқан жеке немесе заңды тұлға өкілінің лауазымы (болған кезде);

5) тексеруді жүргізу күні, орны және кезеңі;

6) Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы және (немесе) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес анықталған бұзушылықтардың тізбесі;

7) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі нұсқаулар және оларды жою мерзімдері;

8) бақылау мен қадағалау субъектісінің (объектісінің) не оның уәкілетті адамының нұсқамамен танысуы немесе танысудан бас тартуы туралы мәліметтер, олардың қолтаңбасы немесе қол қоюдан бас тартуы;

9) тексеру жүргізген лауазымды адамның (лауазымды адамдардың) қолтаңбасы.

Жүргізілген зерттеулердің (сынақтардың), сараптамалардың қорытындылары және тексеру нәтижелеріне байланысты басқа да құжаттар немесе олардың көшірмелері (зақымдалған жабдықты, регистрограмманы, осциллограмманы, қарап-тексеру актісі, техникалық бақылау құралдарының, байқау және тіркеп-белгілеу аспаптарының жазбалары, жедел журналдардан үзінді-көшірмелер, түсініктеме жазбалар, схемалар, сызбалар, фото-, аудио- және бейнематериалдар, сауалнама парақтары мен басқа да материалдар) бар болса, олар анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаға қоса беріледі.

13. Уәкілетті орган тексеруді тағайындау туралы актінің, тексеру нәтижелері туралы актінің, тексеруді ұзарту туралы актінің, тексеруді тоқтата тұру туралы актінің, тексеруді қайта бастау туралы актінің, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың нысандарын бекітеді.

14. Тексеру нәтижелері туралы акт, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама үш данада жасалады.

Бақылау мен қадағалау органы тексеру нәтижелері туралы актінің, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың бірінші даналарын үш жұмыс күні ішінде электрондық нысанда құқықтық статистика және арнайы есеп саласында іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органға, тексеру нәтижелері туралы актінің, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың екінші даналарын қағаз жеткізгіште қол қойғызып немесе электрондық нысанда бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) не оның уәкілетті адамына танысу және анықталған бұзушылықтарды жою

бойынша шаралар қабылдау және басқа да әрекеттер жасау үшін тапсырады, үшінші даналары бақылау мен қадағалау органында қалады.

Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген тексеру нәтижелері туралы акт, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама:

1) қолма-қол берілген жағдайда – тексеру нәтижелері туралы актіде, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада алу туралы белгі қойылған күннен бастап;

2) пошта арқылы берілген жағдайда – хабарламасы бар тапсырыс хатпен;

3) ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларына, оның ішінде «цифрлық үкімет» веб-порталында тіркелген құрылғыларға, жедел хабар алмасу сервистеріне, электрондық пошта арқылы берілген жағдайда – бақылау мен қадағалау органы ресми өзара іс-қимыл жасау үшін пайдаланылатын бақылау мен қадағалау субъектісінің (объектісінің) мекенжайына жіберген күннен бастап тиісті түрде табыс етілді деп есептеледі.

15. Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) тексеруді тағайындау туралы актіде (болған кезде тексеру мерзімін ұзарту туралы қосымша актіде) көрсетілген тексеруді аяқтау мерзімінен кешіктірмей тексеру нәтижелері туралы актіні табыс еткен күн тексеру мерзімінің аяқталуы болып есептеледі.

16. Бақылау мен қадағалау субъектісінің (объектісінің) не оның уәкілетті адамының тексеру нәтижелері бойынша ескертулері және (немесе) қарсылықтары болған жағдайда оларды жазбаша түрде баяндап, өзіне тексеру нәтижелері туралы акт табыс етілген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей бақылау органына жібереді.

Ескертулер және (немесе) қарсылықтар тексеру нәтижелері туралы актіге қоса беріледі, ол туралы тиісті белгі қойылады.

17. Анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы орындау мерзімдері оны орындаудың нақты мүмкіндігіне әсер ететін мән-жайлар ескеріле отырып айқындалады және анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын қоса бере отырып, кемінде бес жұмыс күнін құрайды.

Анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы орындау мерзімдерін айқындау кезінде:

1) бақылау мен қадағалау субъектісінде (объектісінде) бұзушылықтарды жою бойынша ұйымдастырушылық, техникалық және қаржылық мүмкіндіктердің болуы;

2) пайдаланылатын өндірістік объектілердің техникалық жай-күйінің ерекшеліктері;

3) мемлекеттік органдарда, жергілікті атқарушы органдарда «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына 1, 2 және 3-қосымшаларда көзделген тиісті рұқсатты алу немесе хабарламаны, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де

міндетті қорытындыларды, келісімдерді және басқа да құжаттарды беру мерзімдері ескеріледі.

18. Бақылау мен қадағалау субъектісі қосымша уақыт және (немесе) қаржылай шығындар қажет болған жағдайда, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама өзіне табыс етілген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, тексеруді жүргізген бақылау мен қадағалау органына анықталған бұзушылықтарды жоюдың нақты мерзімдері көрсетілген бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын қоса бере отырып, оларды жою мерзімдерін ұзарту туралы өтінішпен жүгінуге құқылы.

Бақылау мен қадағалау субъектісі анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзарту туралы өтініште анықталған бұзушылықтарды жою бойынша қабылданатын шараларды және оларды жою мерзімдерін ұзартудың объективті себептерін баяндауға міндетті.

Тексеруді жүргізген бақылау мен қадағалау органы анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзарту туралы өтінішті алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде баяндалған дәлелдерді ескере отырып, анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзарту және анықталған бұзушылықтарды жоюдың нақты мерзімдері көрсетілген, оларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы немесе уәжді негіздемемен ұзартудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Бақылау мен қадағалау субъектісі (объектісі) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 10-на дейінгі мерзімде бақылау мен қадағалау органына жою мерзімі басталған анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы ақпарат береді.

Бақылау мен қадағалау субъектісі (объектісі) анықталған бұзушылықтарды жою туралы берілген ақпаратқа бұзушылықты жою фактісін дәлелдейтін материалдарды қоса береді.

Анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарының нысанын уәкілетті орган бекітеді.

19. Бақылау мен қадағалау субъектісі (объектісі) анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада, анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарында көрсетілген анықталған бұзушылықтарды жою мерзімі өткеннен кейін тексеруді жүргізген бақылау мен қадағалау органына анықталған бұзушылықтардың жойылғаны туралы ақпаратты анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада және анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарында белгіленген мерзім ішінде беруге міндетті.

20. Бақылау мен қадағалау субъектісі (объектісі) анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың, анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы ақпаратты белгіленген мерзімде ұсынбаған немесе толық ұсынбаған жағдайда бақылау мен қадағалау органы екі жұмыс күні ішінде бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) анықталған бұзушылықтарды жою туралы

нұсқаманың және анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы ақпаратты беру қажеттігі туралы сұрау салуды жібереді.

Анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың, анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы ақпарат белгіленген мерзімде ұсынылмаған немесе толық ұсынылмаған жағдайда бақылау мен қадағалау органы жоспардан тыс тексеруді тағайындайды.

21. Бақылау мен қадағалау субъектісі (объектісі) анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада және анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарында көрсетілген анықталған бұзушылықтар мерзімінен бұрын жойылған жағдайда, тексеруді жүргізген бақылау мен қадағалау органына бұзушылықтарды жою фактісін дәлелдейтін материалдарды қоса бере отырып, анықталған бұзушылықтардың жойылғаны туралы ақпарат беруге міндетті.

22. Бақылау мен қадағалау субъектісі тексеру қорытындыларына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасай алады.

Бақылау мен қадағалау субъектісінің (объектісінің) тексеру нәтижелері туралы актінің, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың күшін жою туралы өтінішін жоғары тұрған мемлекеттік органның (лауазымды адамның) қарауы өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Жоғары тұрған мемлекеттік органның тексеру нәтижелерін жарамсыз деп тануы олардың күшін ішінара не толық көлемде жоюға негіз болып табылады.

Толық көлемде жарамсыз деп танылған тексеру нәтижелері туралы акт, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама бақылау мен қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұзуының дәлелі бола алмайды.

23. Тексеру қажеттігі кәсіпорын қызметкерлері мен халықтың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін бұзушылықтарды дереу жоюды талап еткен жағдайда бұзушылықтардың жасалған кезінде тікелей жолын кесу және дәлелдемелерді бекіту үшін кезек күттірмейтін әрекеттер жасау қажет болған кезде тексерулер жұмыстан тыс уақытта (тәуліктің түнгі уақытында, демалыс немесе мереке күндерінде) жүргізілуі мүмкін.

Жұмыстан тыс уақытта тексеру жүргізу жөніндегі шешім бақылау мен қадағалау органының бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның бұйрығымен ресімделеді.

Тексеруді жұмыстан тыс уақытта жүргізу туралы бұйрықтың нысанын уәкілетті орган бекітеді.

24. Егер тексеру жүргізу нәтижесінде бақылау мен қадағалау субъектісінің (объектісінің) Қазақстан Республикасының атом энергиясын

пайдалану саласындағы және (немесе) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарды бұзу фактісі анықталатын болса, әкімшілік құқық бұзушылық құрамының белгілерін көрсететін жеткілікті деректер болған кезде бақылау мен қадағалау органының лауазымды адамдары өкілеттіктері шегінде бұзушылықтарға жол берген адамдарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа тарту жөнінде шаралар қабылдайды.

7-8-бап. Бақылау мен қадағалау органының лауазымды адамдарының құқықтары мен міндеттері

1. Бақылау мен қадағалау органының лауазымды адамдарының мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүргізуі кезінде:

1) бақылау мен қадағалау субъектісінің (объектісінің) аумағы мен үй-жайларына кедергісіз кіруге;

2) мемлекеттік бақылау мен қадағалау нысанасына сәйкес қағаз және электрондық жеткізгіштердегі құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін алуға, сондай-ақ автоматтандырылған дерекқорларға (цифрлық жүйелерге) қолжетімділік алуға;

3) аудио-, фото- және бейнетүсіруді жүзеге асыруға;

4) регистрограмманы, осциллограмманы, техникалық бақылау құралдарының, байқау және тіркеп-белгілеу аспаптарының жазбаларын, жедел журналдардан үзінді-көшірмелерді, түсініктеме жазбаларды, схемаларды, сызбаларды, фото-, аудио- және бейнематериалдарды, сауалнама парақтарын және мемлекеттік бақылау мен қадағалау нысанасына жататын басқа да материалдарды пайдалануға;

5) түсініктеме алу үшін бақылау мен қадағалау субъектісін шақыртуға;

6) ведомстволық бағыныста және өзге де ұйымдардың мамандарын, консультанттары мен сарапшыларын, сондай-ақ лауазымды адамдарын тартуға;

7) Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы және (немесе) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнамасын бұзушылықтар бойынша, оның ішінде мемлекеттік бақылау мен қадағалау қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтар бойынша сотқа жүгінуге және істерді сот қараған кезде қатысуға құқығы бар.

2. Ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік деңгейін төмендетуге алып келетін, Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы және (немесе) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнамасының талаптарын бұзу фактілері анықталған жағдайларды қоспағанда, бақылау мен қадағалау органының лауазымды адамдарына мемлекеттік бақылау мен қадағалау нысанасына жатпайтын талаптарды қоюына және өтінімдермен жүгінуіне тыйым салынады.

3. Бақылау мен қадағалау органының лауазымды адамдары мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүргізу кезінде:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, бақылау мен қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауға;

2) мемлекеттік бақылау мен қадағалауды осы Заңда белгіленген тәртіп негізінде және соған қатаң сәйкестікте жүргізуге;

3) егер осы Заңда өзгеше көзделмесе, мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүргізу кезеңінде бақылау мен қадағалау субъектілері (объектілері) жұмысының белгіленген режиміне кедергі келтірмеуге;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау және жолын кесу бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген өкілеттіктерді уақтылы және толық көлемде жүзеге асыруға;

5) мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүргізу кезінде бақылау мен қадағалау субъектісінің (объектісінің) не оның уәкілетті өкілінің қатысуына кедергі келтірмеуге, мемлекеттік бақылау мен қадағалау нысанасына қатысты мәселелер бойынша түсіндірмелер беруге;

6) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) мемлекеттік бақылау мен қадағалау нысанасына жататын қажетті ақпаратты беруге;

7) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) қашықтан бақылау нәтижелері туралы қорытындыны, тексеру нәтижелері туралы актіні, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы табыс етуге;

8) мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүргізу нәтижесінде алынған құжаттар мен мәліметтердің сақталуын және құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті.

7-9-бап. Бақылау мен қадағалау субъектісінің (объектісінің) не оның уәкілетті адамының мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезіндегі құқықтары мен міндеттері

1. Бақылау мен қадағалау субъектілері (объектілері) не олардың уәкілетті адамдары мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүзеге асырылған кезде:

1) бақылау мен қадағалау органының тексеру жүргізу үшін келген лауазымды адамдарын:

тексеру жүргізу жиілігі сақталмаған;

тексеруді тағайындау туралы актіде (олар болған кезде мерзімді ұзарту, тоқтата тұру туралы қосымша актілерде) көрсетілген тексеру мерзімдері асып кеткен не өтіп кеткен;

жасалған не дайындалып жатқан қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызда немесе хабарламада, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтар туралы өзге де жолданымдарда көрсетілген уақыт аралығының шегінен шығатын кезеңде тексеру тағайындалған;

тексеруді және (немесе) тергеп-тексеруді жүргізу оған тиісті өкілеттіктері жоқ лауазымды адамдарға тапсырылған;

тексеруді тағайындау туралы бір актіде бірнеше бақылау мен қадағалау субъектілері (объектілері) көрсетілген;

тексеру мерзімдерін осы Заңда белгіленген мерзімнен асырып ұзартылған;

осы Заңда белгіленген талаптар өрескел бұзылған;

бақылау мен қадағалау органының лауазымды адамдары осы Заңның 7-7-бабының 1-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған жағдайларда тексеруге жібермеуге;

2) ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік деңгейін төмендетуге алып келетін, Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы және (немесе) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнамасының талаптарын бұзу фактілері анықталған жағдайларды қоспағанда, құжаттар мен мәліметтерді, егер олар тексеру нысанасына, сондай-ақ тексеру тағайындау туралы актіде көрсетілген кезеңге жатпайтын болса, оларды ұсынбауға;

3) тексеруді тағайындау туралы актіге, тексеру нәтижелері туралы актіге, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаға, сондай-ақ бақылау мен қадағалау органы лауазымды адамдарының әрекетіне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға;

4) бақылау мен қадағалау органының немесе лауазымды адамдардың бақылау мен қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметін шектейтін, заңға негізделмеген тыйымдарын орындамауға;

5) мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру процесін, сондай-ақ бақылау мен қадағалау органы лауазымды адамдарының мемлекеттік бақылау мен қадағалау шеңберінде жасайтын жекелеген әрекеттерін бақылау мен қадағалау органы лауазымды адамдарының қызметіне кедергі келтірмей, аудио-, фото- және бейнетүсірілімнің көмегімен тіркеп-белгілеуге;

6) өз мүдделері мен құқықтарын білдіру, сондай-ақ үшінші тұлғалардың осы тармақтың 5) тармақшасында көзделген әрекеттерді жүзеге асыруы мақсатында мемлекеттік бақылау мен қадағалауға қатысуға үшінші тұлғаларды тартуға құқылы.

2. Бақылау мен қадағалау субъектілері (объектілері) не олардың уәкілетті адамдары мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүргізген кезде:

1) бақылау мен қадағалау органы лауазымды адамдарының бақылау мен қадағалау субъектісінің (объектісінің) аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;

2) объектінің қызметтік үй-жайын (жұмыс орнын), байланыс құралдарын және цифрлық жүйелеріне қолжетімділік беруді қоса алғанда, бақылау мен қадағалау органының лауазымды адамдарын олардың өз өкілеттіктерін жүзеге асыруы үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз етуге;

3) коммерциялық, салықтық не заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау жөніндегі талаптарды сақтай отырып, бақылау мен қадағалау органының лауазымды адамдарына мемлекеттік бақылау мен қадағалау нысанасына сәйкес құжаттардың (мәліметтердің) көшірмелерін қағаз және электрондық жеткізгіштерде ұсынуға, сондай-ақ автоматтандырылған дерекқорларға (цифрлық жүйелерге) қолжетімділік беруге;

4) тексеруді тағайындау туралы актінің екінші данасына алғаны туралы белгі қоюға;

5) мемлекеттік бақылау мен қадағалау аяқталған күні тексеру нәтижелері туралы актінің екінші данасына алғаны туралы белгі қоюға;

6) анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың екінші данасына алғаны туралы белгі қоюға;

7) егер осы Заңда не Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында өзгеше көзделмесе, тексерілетін құжаттарға мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүргізу кезеңінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне жол бермеуге;

8) мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүргізу үшін бақылау мен қадағалау объектісіне келген адамдардың осы объект үшін белгіленген нормативтерге сәйкес зиянды және қауіпті өндірістік әсер ету факторларынан қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

9) бақылау мен қадағалау субъектісінің (объектісінің) басшысы не оның уәкілетті адамы тексеруді тағайындау туралы актіні алған жағдайда тексеру тағайындалған мерзімдерде бақылау мен қадағалау объектісі тұрған жерде болуға міндетті.

7-10-бап. Осы Заңның талаптарын өрескел бұзып жүргізілген тексерулердің жарамсыздығы

1. Егер бақылау мен қадағалау органы тексеруді осы Заңда белгіленген, тексеруді ұйымдастыру мен жүргізуге қойылатын талаптарды өрескел бұзып жүргізсе, тексерулер жарамсыз деп танылады.

2. Осы Заңның талаптарын өрескел бұзушылықтарға мыналар жатады:

1) тексеруді жүргізу негіздерінің болмауы;

2) тексеруді тағайындау туралы актінің болмауы;

3) тексеру мерзімдерінің сақталмауы;

4) тексеруді жүргізу кезеңділігінің бұзылуы;

5) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) тексеру тағайындау туралы актінің ұсынылмауы;

6) бақылау мен қадағалау органының өз құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша тексеру тағайындауы.».

6) 12-бап мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

«8. АЭС жобалауды, салуды, пайдалануды және пайдаланудан шығаруды тек АЭС ұлттық операторына және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы тікелей

немесе жанама түрде АЭС ұлттық операторына тиесілі заңды тұлғаларға рұқсат етіледі.»;

7) мынадай мазмұндағы жаңа 12-1 және 12-2-баптармен толықтырылсын:

«12-1-бап. АЭС ұлттық операторы

1. АЭС ұлттық операторы:

1) АЭС жобаларын іске асырады;

2) АЭС объектілерінде ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді;

3) АЭС ұлттық операторының және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы тікелей немесе жанама түрде АЭС ұлттық операторына тиесілі заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларына сәйкес атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы жобаларды іске асыру үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүргізуді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

4) АЭС персоналын даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін қолдауды ұйымдастыруға қатысады;

5) АЭС жобаларын іске асыру үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді берушілердің тізілімін қалыптастыруға қатысады;

6) АЭС жобаларын іске асыру шеңберінде тапсырыс беруші ретінде әрекет етеді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

12-2-бап. АЭС ұлттық операторына бюджеттік кредит берудің ерекшеліктері

1. АЭС ұлттық операторына бюджеттік кредит желісі нысанында бюджеттік кредит беру Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес мынадай ерекшеліктер ескеріле отырып, ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық қағидаттарында жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар негізінде жүзеге асырылатын АЭС жобаларын қаржыландыру үшін бюджеттік кредит желісі нысанындағы бюджеттік кредит беру бюджеттік кредитті беру, пайдалану, оған қызмет көрсету және өтеу туралы шешім қабылдау рәсімін қамтитын процесті білдіреді;

2) бюджеттік кредит желісі АЭС жобаларын іске асыру мерзімі кезеңінде қаражаттың траншпен (бөліктермен) бөлінуін білдіреді;

3) бюджеттік кредит желісі мынадай нысандарда беріледі:

ақшалай нысанда – АЭС ұлттық операторына қолма-қол ақшаны бақылау шотына ақша қаражатын аудара отырып, республикалық бюджет қаражатынан бөлінеді;

аккредитивтік нысанда – бюджеттік кредит желісі бойынша берешекті ұлғайту есебінен уәкілетті органмен, мемлекеттік қазынашылықпен келісілген АЭС ұлттық операторының тапсырмасы бойынша, көзі экспорттық кредит қаражаты болып табылатын кредиттік қаражатты пайдалану шеңберінде төлем міндеттемелерін орындай отырып;

аралас нысанда – қарыз қаражатының бір бөлігі АЭС ұлттық операторының қолма-қол ақшаны бақылау шотына аударылады, ал қалған бөлігі – бюджеттік кредит желісі бойынша берешекті ұлғайту есебінен мемлекеттік қазынашылықтың аккредитивті орындау арқылы аударылады;

4) бюджеттік кредит желісі осы бапта белгіленген, Қазақстан Республикасы бюджет заңнамасының мынадай жекелеген талаптарын қолданбауға жол беретін ерекшеліктер ескеріле отырып беріледі:

қарыз алушының міндеттемелерін орындауды бюджеттік кредит желісі бойынша қамтамасыз етудің болуы;

бюджеттік кредит берудің орындылығын айқындау;

қарыз алушының кредиттік қабілеттілігін бюджеттік кредит желісі бойынша растау;

инвестициялық ұсынысты, техникалық-экономикалық негіздемені және қаржылық-экономикалық негіздемені әзірлеу;

5) жобаны мемлекеттік инвестициялық жобалар портфеліне енгізу Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар негізінде жүзеге асырылады.»;

8) 17-бапта:

6-тармақ «атом энергиясын пайдалану» деген сөздерден кейін «, радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу» деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Радиоактивті қалдықтармен және пайдаланылып болған ядролық отынмен жұмыс істеу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар сақталуға тиіс.»;

9) 18-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Осы бапта көрсетілген аумақтарда орналасқан радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу, ядролық мұра объектілерін оңалту ерекшеліктері Қазақстан Республикасының радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнамасында және Қазақстан Республикасының Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы заңнамасында айқындалады.»;

10) 21-баптың 5-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) бақылау мен қадағалау органының тексерулері, тергеп-тексерулері және қашықтықтан бақылауы нәтижесінде анықталған ядролық және (немесе) радиациялық және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік, ядролық материалдарды, иондандырушы сәулелену көздерін есепке алу талаптары бұзылғанда – бұзушылыққа жол берген адамдарға қатысты;»;

11) 22-баптың 7-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) көму пунктінің заттарын, материалдарын, конструкциясын, көму пункті орналасқан алаңның геотектоникалық, геологиялық және геофизикалық сипаттамаларын толық сипаттай отырып, құжаттама топтамасын архивке беру үшін ресімдеуді қамтитын, пайдаланушы ұйым орындаған көму пунктін жабу жөніндегі іс-шараларға негізделеді.»;

12) мынадай мазмұндағы 25-1-баппен толықтырылсын:

«25-1-бап. Атом энергиясын пайдалану саласындағы ғылыми-техникалық қолдау ұйымдары

1. Атом саласын дамытуды ғылыми-техникалық қолдауды және атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасында ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік деңгейін арттыру мақсатында ғылыми-техникалық қолдау жүйесі қалыптастырылады.

2. Ғылыми-техникалық қолдау жүйесі:

атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу мақсаттары үшін ғылыми-техникалық қолдау;

атом саласын дамыту үшін ғылыми-техникалық қолдау бағыттары бойынша қалыптастырылады.

3. Атом энергиясын пайдалану саласындағы ғылыми-техникалық қолдау ұйымын (бұдан әрі – ғылыми-техникалық қолдау ұйымы):

атом саласын дамыту мақсаттары үшін – уәкілетті орган;

атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу мақсаттары үшін – бақылау мен қадағалау органы айқындайды.

Ғылыми-техникалық қолдау ұйымдарын айқындау тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

4. Ғылыми-техникалық қолдау ұйымы атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу мақсаттары үшін:

мемлекеттік бақылау мен қадағалау жөніндегі қызметті ғылыми-техникалық қолдауды жүзеге асырады;

қауіпсіздікті негіздеу жөніндегі есептерді, жобалау және пайдалану құжаттамасын, есептеулер мен талдаулардың нәтижелерін, сондай-ақ рұқсат беру рәсімдері мен бақылау іс-шаралары шеңберінде ұсынылатын өзге де материалдарды (бұдан әрі - қауіпсіздік жөніндегі құжаттарды бағалау) қоса алғанда, атом энергиясын пайдалану объектілерінің қауіпсіздігін негіздейтін құжаттарды талдауды және бағалауды жүргізеді;

бақылау мен қадағалау органының бақылау іс-шараларына консультанттар мен сарапшылар ретінде қатысуға тартылады;

ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындайды;

халықаралық ұйымдармен және ғылыми-техникалық қолдау ұйымдарымен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік бөлігінде нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық базаны әзірлеуге қатысады;

атом энергиясын пайдалану объектілеріне қатысты ядролық қауіпсіздік және (немесе) радиациялық қауіпсіздік және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды орындайды.

5. Бақылау мен қадағалау органы:

қауіпсіздік жөніндегі құжаттарға бағалау жүргізуге тапсырмаларды қалыптастырады және береді;

қауіпсіздік жөніндегі құжаттарды бағалау нәтижелерін қабылдау туралы не оны пысықтау қажеттігі туралы шешім қабылдайды.

6. Рұқсат беру рәсімдері шеңберінде жүргізілетін қауіпсіздік жөніндегі құжаттарды бағалау өтініш берушінің қаражаты есебінен қаржыландырылады.

7. Ғылыми-техникалық қолдау ұйымы атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу мақсаттары үшін мүдделер қақтығыстарын болғызбау, анықтау және реттеу жөнінде шаралар қабылдауға, сондай-ақ олардың туындау фактілері туралы бақылау мен қадағалау органын хабардар етуге міндетті.

8. Ғылыми-техникалық қолдау ұйымы атом саласын дамыту мақсаттары үшін:

мемлекеттік саясатты сараптамалық-талдамалық сүйемелдеуді жүзеге асырады;

атом электр станцияларын салуды қоса алғанда, атом энергиясын пайдалану саласындағы жобаларды сүйемелдеуге қатысады;

технологияларды, жобалық шешімдерді талдауды жүргізеді және қорытындылар дайындайды;

халықаралық сарапшылармен өзара іс-қимылды қоса алғанда, жобаларды ғылыми-техникалық сүйемелдеуді жүзеге асырады;

ұлттық құзыреттерді дамытуға, өндірісті оқшаулауға және отандық ұйымдарды тартуға жәрдемдеседі;

АЭС жобаларын іске асыру үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізушілердің тізіліміне енгізу үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін қарау қорытындылары бойынша өтеулі негізде ұсынымдар береді;

мемлекеттік реттеу шеңберінде белгіленетін қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты талаптарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық базаны әзірлеуге қатысады;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды орындайды.

9. Атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу мақсаттары үшін ғылыми-техникалық қолдау ұйымдарының қызметін қаржыландыру:

қауіпсіздік жөніндегі құжаттарға бағалау жүргізуден алынатын қаражат;

атом энергиясын пайдалану саласындағы жұмыстарды орындағаны және қызметтер көрсеткені үшін алынатын қаражат;

ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау;

халықаралық бағдарламалар мен жобалар;

Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

10. Атом саласын дамыту мақсаттары үшін ғылыми-техникалық қолдау ұйымдарының қызметін қаржыландыру:

атом энергиясын пайдалану саласындағы жұмыстарды орындағаны және қызметтер көрсеткені және олармен байланысты ғылыми, техникалық және өндірістік қызметтің өзге де бағыттары үшін алынатын қаражат;

АЭС жобаларын іске асыру үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізушілердің тізіліміне енгізу үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін қарау қорытындылары бойынша ұсынымдар дайындау шеңберінде алынатын қаражат;

қарыз және нысаналы қаржыландыру;

Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

11. Мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында бір ұйым шеңберінде атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу және атом саласын дамыту мақсаттары үшін ғылыми-техникалық қолдау функцияларын қоса атқаруға жол берілмейді.

12. Уәкілетті орган мен бақылау мен қадағалау органы құзыреттерді дамытуды және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылды қоса алғанда, ғылыми-техникалық қолдау жүйесінің дамуын және тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.».

7. «Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы» 2023 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

9-баптың 5-тармағының бірінші бөлігіндегі «атом энергиясын пайдалану» деген сөздер «радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу» деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ. ТОҚАЕВ

Дұрыс: Құжаттамамен қамтамасыз ету бөлімінің сектор меңгерушісі
Ешатұ Н. Шаптыхады

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ АППАРАТЫ
ҚҰЖАТТАМАМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БӨЛІМІ